



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ



Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



«ЖАСТАР»
ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ОРТАЛЫҒЫ



ЖАС ОТБАСЫЛАРДЫ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ

ЖАС ОТБАСЫЛАРҒА КЕҢЕС БЕРЕТІН ӘЛЕУМЕТТІК
ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУШІЛЕРГЕ АРНАЛҒАН
ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУЛЫҚ



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ



Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



«ЖАСТАР»
ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ОРТАЛЫҒЫ

ЖАС ОТБАСЫЛАРДЫ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ

ЖАС ОТБАСЫЛАРҒА КЕҢЕС БЕРЕТІН
ӘЛЕУМЕТТІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУШІЛЕРГЕ
АРНАЛҒАН ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУЛЫҚ

АСТАНА, 2015

ӘОЖ 316.3/4

КБЖ 60.56

Қ23

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің
тапсырысы бойынша дайындалған

Жас отбасыларды әлеуметтік қорғау: Әдістемелік нұсқаулық / Ә.С. Қайдарова, Ю.В. Кучинская,
Ф.М. Мусатаева. – Астана: «Жастар» ҒЗО, 2016. – 63 б.

ISBN 978-601-7857-00-4

Жас отбасыларды әлеуметтік қорғау бойынша берілген әдістемелік нұсқаулық ҚР Білім және ғылым министрлігінің тапсырысы бойынша дайындалған. Материалдар жас отбасыларға кеңес беретін әлеуметтік қызмет көрсетушілерге арналған.

Аталмыш нұсқаулық жас отбасыларды мемлекеттік тұрғыдан қолдау, әлеуметтік белсенділік пен әлеуметтік-психологиялық құзырлықты дамытуға септігін тигізетін құқықтық сауаттылық пен әл-ауқаттылықты жоғарылату сұрақтары бойынша ақпараттық-кеңес беруші қызмет көрсететін мекемелер туралы материалдардан тұрады. Әдістемелік нұсқаулық «жас отбасы» әлеуметтік санатымен, жастар ресурстық орталықтарында, жастардың денсаулық сақтау, отбасы денсаулығы, отбасын жоспарлау орталықтарында, отбасы мәселелері бойынша кеңес беру орталықтарында, жас отбасы үйірмелерінде жұмыс істейтін мамандарға арналған.

ӘОЖ 316.3/4

КБЖ 60.56

ISBN 978-601-7857-00-4

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	4
Глоссарий	6
Жас отбасыны әлеуметтік-құқықтық және психологиялық тұрғыдан қолдау технологияларын қолданудың шетелдік тәжірибесі	7
Тұрғын-үй жағдайын жақсарту бойынша жас отбасыларға арналған мемлекеттік бағдарламалар	13
Бала туу (асырау) жағдайында әлеуметтік төлемдерді алуға қатысты мемлекеттің жас отбасыларға көрсететін қолдауы.....	19
Жас отбасыларға әлеуметтік-психологиялық, құқықтық, педагогикалық, медициналық көмек көрсететін қазақстандық мекемелер	24
Жас отбасыларды әлеуметтік тұрғыдан қолдау саласында мемлекеттік жоспарлау жүйелерін ендіру бойынша ұсыныстар: объекті және іске асыру формасы	36
ҚОРЫТЫНДЫ	43
ӘДЕБИЕТ	44
А ҚОСЫМШАСЫ	45
Б ҚОСЫМШАСЫ	47

КІРІСПЕ

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап ақ жас ұрпақтың оңтайлы әлеуметтенуінің мәселелері мемлекеттің назарында болып келді.

Жастар саясатының басымдықтары Елбасы – Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев бастаған «Қазақстан – 2050» Стратегиясының негізгі мақсаттарының бірі болып табылады.

Осы жылы «Қазақстан 2020: болашаққа бастар жол» Мемлекеттік жастар саясаты тұжырымдамасын іске асырудың екінші кезеңі басталды [1]. Тұжырымдаманы іске асыру жоспарының негізгі міндеттерінің бірі жастарды мәдени, азаматтық және рухани-ізгіліктік құндылықтарға жақындастыра түсу болып табылады. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев өз сөзінде отбасы – бұл мемлекет қалыптастырушы ұяшық, сол себептен қоғамда отбасылық құндылықтардың негізін нығайту маңызды деп бірнеше рет айтқан болатын.

Қазақстанда отбасы қоғамды қалыптастырушы маңызды элемент ретінде қарастырылып келеді. Ол қоғам, мемлекет болмысының негізі, адамның рухани және ізгіліктік бағдарларының маңызды бөлігі болып табылады. «Қазақстан-2050» Стратегиясын іске асырудың негізгі мақсаты – әрбір қазақстандық отбасының игілігі.

Отбасы әр кезеңде алдыңғы қатарлы қоғамдық ойдың, ежелгі философтардан бастап іргелі саяси қайраткерлер мен ғалымдар назарының төрінен орын алып келді. Бұл жайт таңқаларлық емес. Отбасы адамның әлеуметтік қызметінің күрделі жүйесі, қоғамның негізгі институттарының бірі болып табылады. А.Г. Харчевтің анықтамасы бойынша отбасы дегеніміз некелік одақ пен туыстық байланыстарға, ортақ шаруашылық пен өзара ізгіліктік жауапкершілікке (ері, әйелі, ата-анасы, балалар және басқа да туысқандар) негізделген қоғамның әлеуметтік кішігірім тобы болып табылады [2].

Отбасы әрдайым даму жағдайында, ол тек әлеуметтік-саяси жағдайлардың есебінен емес,

сонымен қатар өз дамуының ішкі үрдістері ықпалынан да өзгере алады. Сол себептен ол негізгі салалардың және мемлекеттік саясаттың негізгі объектілерінің бірі болып табылады.

Қазіргі отбасыларда айтарлықтай өзгерістер жүріп жатыр, олар өз кезегінде некелік байланыстардың өзара алыстауы, ата-аналар мәртебесі мен отбасылық қатынастар маңыздылығының төмендеуі сияқты қолайсыз құбылыстарға әкеліп соқтыруда. Бұл жайттар жас отбасыдағы бала тәрбиесі мен оның әрі қарайғы дамуына ықпалын тигізбей қоймайды.

Ерекше көмекке мұқтаж отбасылардың санатына ең алдымен жас отбасылар жатады [3].

Өзінің құрылымы бойынша қазіргі жас отбасылар толық, қарапайым және әлеуметтік тәуекелділікке иеленушілер деп бөлінеді. Аталғандардың соңғысына толық емес, жалғыз басты және кәмелетке толмаған аналардың жанұясы, әкесі жұмыссыз болып табылатын отбасылар, студенттік отбасылар, сонымен қатар мүшелерінің біреуі мүгедек болып табылатын отбасылар кіреді [4].

Жас отбасы мемлекеттік, қоғамдық және басқа да әлеуметтік қызметтердің көмегін тұтынатын, өз күн көрісін қамтамасыз ету, өз функционалдық міндеттері мен құрылымдық байланыстарын сақтау бойынша өзіндік қызметпен айналысатын күрделі объектілі-субъектілі табиғатқа ие.

Жас отбасыларды мемлекеттік тұрғыдан қолдау мақсатында орталық және жергілікті мемлекеттік органдар Қазақстан Республикасының заңымен бекітілген тәртіпте салалық және аймақтық бағдарламаларды әзірлеп, бекітіп, іске асырады.

Қазіргі таңда жас отбасыларды қолдау үшін, сонымен қатар жастар арасындағы некелерді сақтап қалу, қолайлы шарттарды қалыптастыру үшін мемлекет келесі шараларды өткізуде:

- баспанамен қамтамасыз ету, жастар үшін қолжетімді баспана жүйесін қамтамасыз ету.

- жастарды жұмыспен қамтамасыз ету үшін жағдайлар жасау;

- жас отбасыларға жеңілдігі бар несиелерді ұсыну;

- студент немесе оқушы болып табылатын ата-аналардың оқу орынның әкімшілігімен келісе отырып, академиялық демалыс алуы;

- отбасылық өмір мәселелері, жас отбасылардың психологиялық-педагогикалық, құқықтық және басқа да сұрақтар бойынша тегін кеңес алу тәжірибесін іске қосу;

- жас отбасылардың мәселелерімен айналысатын және оларға әлеуметтік қызмет пен көмек көрсететін коммерциялық емес ұйымдар жүйесін дамыту;

- балалар мен жастар үшін ұйымдастырылған жаздық демалыс пен денсаулық сақтау жүйесін сақтау мен дамыту;

- көмекке мұқтаж студенттік отбасыларға оқу орындарға қарайтын жатақханалардан бөлме беру;

- мемлекеттік, мектеп алды мекемелерді дамыту;

- салауатты өмір салтын қалыптастыру;

- құқықтық мәдениетті жоғарылату және жастарда мемлекеттің негізгі құндылықтарына деген құрметін қалыптастыру.

Жас отбасымен әлеуметтік жұмыс жүргізу – мемлекетке қарайтын әлеуметтік органдардың қоғаммен және отбасымен өзара әрекеттесуінің жүйесі болып табылады. Ол өз кезегінде оның қызметінің шарттарын жақсартуға, халықаралық және мемлекеттік құжаттармен анықталған құқықтар мен еркіндіктерді іске асыруда мүмкіндіктерді кеңейту, барлық мүшелерінің толыққанды физикалық, ізгіліктік және рухани дамуын қамтамасыз ету, еңбекке, қоғамдық-шығармашылық қызметке тартуға бағдарланған.

Жас отбасылармен әлеуметтік жұмыс жүргізудегі артықшылық әлеуметтік профилактика, әлеуметтік қолдау, әлеуметтік оңалту жүргізетін, әлеуметтік-психологиялық, психологиялық-педагогикалық, әлеуметтік-медициналық, әлеуметтік-құқықтық, ақпараттық-кеңес беруші, психотерапевтік көмек пен жас жұбайларға қолдау көрсету әлеуметтік қызмет орталығының еншілігінде.

Қазіргі таңда жас отбасылардың алдында бірқатар өткір мәселелер тұр. Олардың ең негізгілері баспана мәселелері, жұмыспен қамтылу, сонымен қатар түрлі психологиялық мәселелер болып табылады. Бұл жағдайда оларды бүгінгі күннің тарабынан ғана емес, сонымен қатар қоғамның барлық салаларының контекстінде ертеңгі жағдайына қарап

қарастыру қажет. Мемлекеттік бағдарламалар мен жобалар кездесетін мәселелерді шешуге бағытталған.

Мемлекеттік жастар саясатын іске асыру саласындағы ғылыми-зерттеу жұмыстары жас отбасылардың мәселесін инновациялық ғылыми әдістер мен тәсілдерді қолдану арқылы жүйелік негізде тереңінен зерттеуді ұйғарып отыр. Жас отбасылардағы ең өзекті мәселелерді шешу жолдарын әзірлеу үшін заманауи әдістерді, яғни әлеуметтанулық зерттеулер, бақылау әдістері, халықаралық тәжірибелерді бейімдендіру, тиімді тәсілдер мен ұйымдастырушылық тетіктерді жасау, әлеуметтік қызметтерді дамытудың баламалы стратегияларын әзірлеуді қолдану арқылы жастар ұйымдарын, әлеуметтік мекемелердің қызметіне үздіксіз мониторинг жасау керек.

Мемлекеттің жас отбасыға берер көмегі – бұл еліміздің әлеуметтік саясатының маңызды аспектісі болып табылады. Өкінішке орай, барлық отбасылар мұндай көмекке зәру болып келгенімен, оған қол жеткізе алмайды. Көп жағдайда ол мұндай мүмкіндіктің бар екенін білмегендіктен пайда болады. «Жастар» ғылыми-зерттеу орталығы жас отбасыларға кеңес берумен айналысатын мемлекеттік органдардың қызметіне талдау жүргізді. Жастарға, жас отбасыларына бағытталған мемлекеттік бағдарламалар зерттелді. Жүргізілген жұмыстың нәтижелері осы еңбекте, сондай-ақ Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрлігіне ұсынылған сараптамалық есепте көрніс тапты.

Әдістемелік нұсқаулық жас отбасыларға кеңес беретін әлеуметтік қызметтердің жұмысында, сонымен қатар республикалық және аймақтық деңгейлердегі жас отбасылармен жұмыс жасайтын мемлекеттік органдар, қоғамдық ұйымдардың қызметінде қолданыла алады.

ГЛОССАРИЙ

Жас отбасы – екі жұбайы да жиырма тоғызға толмаған отбасы, немесе жасы жиырма тоғызға жетпеген жалғыз басты ата, ана бала тәрбиелеп жатқан толыққанды емес отбасы.

Әлеуметтік қорғау – бұл қоғамның өз мүшелеріне көрсететін көмегінің түрлі формалары.

Отбасыларды әлеуметтік қорғау – бұл отбасыларға түрлі күйзелістік жағдайларды еңсеруді, олардың өз ішкі ресурстарының есебінен шеше алмайтын мәселелерді шешуге көмектесуді мақсат көретін отбасылық саясаттың формасы болып табылады.

Отбасылармен әлеуметтік жұмыс жүргізу – бұл әлеуметтік қолдауды іске асыратын қызмет болып табылады.

Мемлекеттік әлеуметтік көмек – ҚР бюджеттік жүйесінің тиісті бюджеттік қаржысы есебінен

тұрмыс жағдайы нашар отбасыларды әлеуметтік жәрдемақылармен қамтамасыз ету.

Әлеуметтік жәрдемақылар – бюджеттік қаржының есебінен азаматтарға қайтарылымсыз белгілі бір ақша сомасын ұсыну;

Өтемақы – азаматтардың шығындарын заңмен бекітілген нормалар бойынша өтеу.

Жастарға арналған әлеуметтік қызмет жастардың интеллектуалды, рухани, физиологиялық, шығармашылық әлеуетін, кәсіби дайындығы мен кәсіпкерлік әлкеуетін жоғарылату үшін жұмыс жасайды [3, 25 бап].



ЖАСТАРҒА АРНАЛҒАН ӘЛЕУМЕТТІК ҚЫЗМЕТТІҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ:

- қиын өмірлік жағдайда қалған, білім берудің арнайы мекемелерінен және ерекше режимдегі білім беру мекемелерінен оралған, ішімдік, нашақорлық, токсикоманиядан емделген, сонымен қатар мүгедектер қатарындағы жастарға психологиялық, педагогикалық, медициналық әлеуметтік, заңгерлік қызмет көрсету және кеңес беру
- жастардың заңға қарсы әрекеттерін алдын алу
- мекен жай бойынша жастардың демалысын ұйымдастыру
- жастардың кәсіпкерлік қызметіне қолдау көрсету және дамыту
- жастардың өзін өзі басқаруын дамытуға септігін тигізу;
- Қазақстан Республикасының заңына қайшы келмейтін басқа да әлеуметтік маңызды бағыттар.

ЖАС ОТБАСЫЛАРҒА ӘЛЕУМЕТТІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖӘНЕ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ҚОЛДАНУДЫҢ ШЕТЕЛДІК ТӘЖІРИБЕСІ

Жас отбасы түсінігі ғылыми әдебиет пен ресми құжаттарда 1980 жылдардың басынан бастап пайда болып, қарқынды қолданыла бастады. Өндіру режимінің трансформациясы және оның салдары қоғамның отбасылық саясатты жүргізу басымдықтарын өзгертуге мәжбүрледі. Қазіргі таңдағы ең өзекті қажеттілік әр мемлекеттің тиісті әлеуметтік-демографиялық ерекшеліктерін ескере отырып, жүргізіліп жатқан шараларды талдау негізінде отбасы жағдайын жақсартуға бағытталған отбасы саясатының бағыттарын жүйелендіру болып табылады.

Бүгінгі күні жалпы адамзаттық мәселелер әлем елдерінің әлеуметтік тәжірибесін біріктіруші негізге айналды, ал әлеуметтік жұмыс дәл осы жалпы және жеке мәселелерді шешуге бағдарланған. Отбасылық саясаттың бағыттары баланың туылуы мен тәрбиеленуіне қатысты әлеуметтік қорғау жүйелерінің негізгі бөлігі болып табылады. Отбасылық саясаттың бағыттары әлеуметтік қорғау жүйесінің басқа бағыттарына да ендірілген сақтандырудың түрлі жүйелерінен қолдау тауып отырады.

Барлық қоғамдарда түрлі көріністегі әлеуметтік мәселелер пайда болып отырады. Қоғамдардың өзі де бұл мәселелерге әртүрліше шара қолданып, әлеуметтік саясаттың шеңберіндегі қандай да бір әлеуметтік бағдарламаларды іске асырады; әлеуметтік жұмысшылар да белгілі бір әлеуметтік және тұлғалық мәселелерді шешуде өздерінің орасан зор теориялық білімдерін әртүрліше пайдаланады. Бұл тәжірибенің басқа елдерде қалай жүзеге асырылатынын білу әлеуметтік қажеттіліктерге жұмсалатын шығындарды еңсеруге, жаңа мәселелердің пайда болуын болжауға және орынды шешім қабылдауға мүмкіндік береді. Әлеуметтік қызметтің халықаралық тәжірибесі мен оны әлеуметтік және мәдени тұрғыдан ерекшеленетін түрлі мемлекеттерде қолданудың мүмкіндіктерін

зерттеудәл осы жағдаймен негізделеді. Дамыған мемлекеттердің әлеуметтік тәжірибесін зерттеу, оның ішінде жас отбасыларға арналған әлеуметтік бағдарламаларды, материалды және әлеуметтік ресурстардың тапшы болуы жағдайында көмек көрсету әдістерін зерттеу дамушы мемлекеттер үшін үлкен маңыздыққа ие. Халықаралық әлеуметтік тәжірибені зерттеу қазіргі таңда, яғни елімізде экономикалық дағдарыс өршіп бара жатқан жағдайда тіпті өзекті болып келеді. Бүгінгі күні бір елде болып жатқан оқиғалар мәдениеті бөлек басқа қоғамдардың өмір сүру салтына әсерін тигізуі мүмкін.



РЕСЕЙ ФЕДЕРАЦИЯСЫ

Ресейде «Ресей жастары» Федералды мақсаттылы бағдарламаға сәйкес жас отбасыны қолдау мақсатында келесі міндеттерді шешу көзделіп отыр:



Жас балалары бар отбасыларды қолдауға бағытталған тетіктерді дамыту



Жас отбасылар үшін кеңес беру және ақпарат желісін дамыту



Балалары бар жас аналардың жұмыспен қамтылу және олардың баспаналық мәселесін шешуге септігін тигізу



Жас отбасылардың ұзақ қолданыстағы тауарларды сатып алуына, сонымен қатар білім алуына септігін тигізу

Жас отбасыларды қолдауға бағытталған міндеттердің бір бөлігі «Ресей балалары», «Баспана», «Халықтың жұмыспен қамтылуы» және басқа да аймақтық бағдарламаларда іске асырылып отыр.

Қабылданған бағдарламада жас отбасыны әртарапты қолдау бойынша қолданбалы шаралар айқын даярланған. Аталмыш бағдарлама репродуктивті денсаулықты сақтау саласында жұбайлардың және басқа да тұлғалардың балаларды жоспарлау сұрағын өздігінен шеше алу қағидасына, ол туралы қажетті ақпарат, білім және қаржы алуға, жас жұбайларға психологиялық және заңгерлік көмек көрсетудің жағдайларын қалыптастыруға негізделген шаралардың кешенін ұйғарып отыр. Бұл жұмыс ең алдымен «Жастар және отбасы», «Жас отбасы» және әлеуметтік қызмет көрсетудің басқа да түрлерін ұйымдастырумен, әлеуметтік тұрғыдан қамқорлыққа мәжбүр отбасыларды қолдау бойынша аймақтық бағдарламаларды әзірлеумен және қабылдаумен байланысты болып келеді.

«Жас отбасы» қызметінің ақпараттық және әдістемелік қызметтерінен бөлек негізгі жұмысы қолайсыз әлеуметтік-психологиялық жағдайларда өмір сүріп жатқан жас отбасыларды әлеуметтік қамқорлыққа алу, кәметке толмаған, екі қабат және бала емізіп жүрген аналарды медициналық қамқорлыққа алу, үздіксіз күтімді талап ететін тұлғалар мен жас отбасыларды қамқорлыққа алу болып табылады [4].

Қазіргі таңда Ресейде 2006 жылы қабылданған және 2007 жылы іске қосылған «аналық капитал» федералды бағдарламасы қызмет етеді. Бұл жоба елдегі демографиялық өсімді жоғарылатып, отбасыларға тиісті көмек көрсетуге арналған.

Салыстыра отырып, Қазақстанда да отбасылық медицина, отбасылық денсаулық сақтау орталықтары, дағдарыстық орталықтар қызмет етіп келетінін атап өткіміз келеді.



ШВЕЦИЯ ПАТШАЛЫҒЫ

Солтүстіктегі мемлекеттер халыққа, оның ішінде жас отбасыларға әлеуметтік көмек көрсетудің үздік үлгілерінің біріне ие. Мысалға, Швеция әлем бойынша өмір сүрудің жоғары көрсеткіштерін иеленіп келеді. Халықты әлеуметтік қамсыздандырудың қуатты жүйесі, тегін білім беру, денсаулық сақтаумен зейнетақы төлеудің жоғары деңгейі, мүгедектерге түрлі көмек көрсету және балалары бар отбасыларға айтарлықтай материалды көмек көрсету «Швед

үлгісінің» ажырамас бөлігі болып табылады. Әл-ауқаттылықтың скандинавиялық үлгісі әр адамның тұрғылықты жері мен экономикалық статусына қарамастан әлеуметтік тұрғыдан қорғалу құқығы, бюджеттік қаржыландыру; әлеуметтік қамсыздандырудың үкіметтік жүйесі; қоғамдық жауапкершілік пен медициналық қызмет көрсетулерге қолжетімділік сияқты әмбебап қағидаларға негізделеді. Әлеуметтік сектордағы негізгі қағидалардың бірі әлеуметтік сектордағы мемлекеттік және мемлекеттік емес құрылымдардың өзара әрекеттесуін заңды түрде реттейтін, қаржыландыру жағдайында мемлекеттік құрылымдардан гөрі әлеуметтік бағдарламалар шеңберіндегі азаматтық (қоғамдық) және жеке бастамаларға артықшылық беретін субсидиарлық қағидасы болып табылады. Солтүстік мемлекеттерде халыққа деген қызметті бюджеттің тарапынан қаржыландырылатын мемлекеттік және қоғамдық коммерциялық емес, үкіметтік емес мекемелер көрсетеді.

Швецияда отбасы институтының дағдарысы басталды. Швеция ауқатты қоғам болғанымен, өкінішке орай, ондағы жалғыз басты адамдар өте көп. Мемлекет қоғамның қорғалмаған әлеуметтік топтарын қолдауға бағытталған кең ауқымды әлеуметтік бағдарламаларды іске асырып келеді. Мысалға, бұл елде тегін медициналық қызмет көрсету қызмет етеді. Табысқа қарай алынатын салықтың шамамен 80 пайызы денсаулық сақтау саласына жұмсалады. Швеция, Норвегия және Финляндия елдері сияқты қарым-қатынастағы, жанұядағы ер азамат пен әйел адамның теңдігін қолдай отырып, отбасы институтының маңызын жоққа шығарып отыр. Дегенмен, олардың балаға қатысты әлеуметтік саясаты әлемдегі ең үздіктердің бірі болып табылады. Күллі әлеуметтік жүйе баланың игілігіне қарай құрылған. Балалар мен аналарға түрлі әлеуметтік жәрдемақылар беріледі. Швед азаматшыларының ана атануына түрлі қаржылық жәрдемақылар ынталандырады. Оған қоса көп балалы болу мансаптық өсімге, қарапайым белсенділікке кедергі келтірмеу үшін жағдай жасалған. Мәселен, кез келген жанармай құю станцияларында балаларды жөргектеуге арналған орындар бар, кез келген іскерлік жерде балалар ойнайтын бөлме даярланған, кез келген ресторанда балалар мәзірі беріледі. Демографиялық өсімге тек перзентханалар ғана емес, барлықтары бағдарлана бастады.

Швецияда төрт құрылымнан тұратын «Отбасылық үй» әлеуметтік мекемесі қызмет

етеді: Аналар орталығы, Медициналық поликлиникалық орталық, Әлеуметтік қызмет орталығы және Ашық балабақша.

Мұндай ұйымдар аналарға, балалар мен отбасыларға көмектесетін түрлі мамандардың жұмысын реттестіруге мүмкіндік береді. Швеция баланы қорғау саясатына басымдық беріп, даму үрдісіне септігін тигізіп отыр.

Әлемдік тәжірибені зерттей отырып, отбасыны қолдаудың шведтік үлгісін келтіруге болады.



ФИНЛЯНДИЯ

Жағымсыз үрдістердің ықпалынан демографиялық өсімі төмендеген, соның негізінде ұлттың қартаюуы орын алып отырған еуропалық индустриалды дамыған мемлекеттерге қарағанда Финляндияда халықтың қалыпты табиғи өсімі сақталған, ал ақырғы онжылдықта тіпті ұлғайған. Бүгінгі күні бұл елде жылына орташа есеппен алғанда жаңа 1000 азамат дүниеге келіп отырады. Мемлекет Финляндияның отбасы федерациясымен – ана мен баланың барлық мәселелерінің анық-қанығын біліп отырған ұйыммен тығыз байланыста. Бұл мекеменің ұсыныстары көптеген әлеуметтік бағдарламалардың негізін құрап отыр. Демографтардың есебі бойынша, 2040 жылға қарай Финляндияның халық саны 100 мың адамға ұлғайып, 5 миллион 366 мың адамды құрайтын болады. Мемлекеттің мұндай жоспар мен болжам құруына жеке азаматтар мен күллі қоғам игілігіне қызмет ететін тиімді ойластырылған әлеуметтік саясат септігін тигізіп отыр.

Әрине, жалпы еуропалық демография шайқалған күйінде, бірақ, көріп отырғанымыздай оның Финляндияға тигізер ықпалы жоқ. Бүгінгі таңда бұл солтүстіктік мемлекет нағыз «бэби бумды» басынан кешіріп жатыр. Демографиялық өсім күн сайын емес, ал сағат сайын өсіп келеді. Демографиялық жарылыстың себептері фин азаматтарының материалды және қаржылық ауқаттылығына ғана емес, ал оларды жайлы әлеуметтік қамсыздандыруға байланысты болып келеді.

Бұл бөлімнің мақсаты скандинавия елдерінің жас отбасыға, аналыққа деген қатынасын және отбасылық дәстүрлерді сақтап қалуға қатысты саясатты зерттеу болып табылды.

Скандинавия елдерінің тәжірибесін салыстыра отырып, Қазақстанда да ақырғы уақытта демографиялық өсімнің байқалатынын атап өту керек. Бұл мемлекет жүргізіп отырған әлеуметтік саясаттың арқасы болып табылады.

Қазіргі таңда Финляндия жастары арасында отбасы құрып, бала туып, ата-ана атану ұстанымдары жоғарылаған. Көп жағдайда бұл жас отбасылар мен ата-аналарға түрлі жәрдемақылар беріп отырған мемлекет еңбегінің жемісі. Мәселен, Финляндияда жас ата-ана болу өте ыңғайлы. Финдік заң бойынша декреттік демалысқа тек ана ғана, емес сонымен қатар әкенің де құқығы бар. Мемлекеттің жергілікті билік органдары алғашқы көмек пен ауруханалар қызметін қамтамасыз етеді. Олар өз кезегінде салық төлемдерінен қаржыландырылады. Денсаулық сақтау орталықтары жанында терапевтер, ана мен бала клиникалары, баланың денсаулығын сақтау қызметтері жұмыс істейді. Денсаулық сақтау орталықтарының қызметтері орталыққа қарайтын аудандарда тұратын азаматтардың барлығына да қолжетімді болып келеді. денсаулық сақтаудың мемлекеттік жүйесімен қатар қоғамда жеке медициналық практикалар іске асырылады. Денсаулық сақтаудың мемлекеттік жүйесінің қызметтерін барлық азаматтар қолдана алады. Алдын-алу шаралары, кеңес беру және ақпараттық қызмет көрсету тегін болып табылады.

Қазіргі таңда Финляндия мемлекеттегі отбасылар мен балалар жағдайын жақсартудың жаңа бағдарламасын әзірлеуде. Мемлекет әлеуметтік қызметтің адамдардың қажеттіліктеріне қарай дамуын, бала тууды ынталандыруға бағытталған шаралардың көбеюі және бедеулікті емдеу, оның алдын алу жүйесін құру; ер адамдарды отбасы құру жоспары үрдісіне көбірек тарту; отбасы жоспарлау мәселелеріне қызығушылық білдіретін мамандар үшін ұлттық ақпараттық жүйені құру сияқты сұрақтарды қарастырады. Сонымен қатар Финляндияны отбасылық сұрақтарға ұқыптылықпен қарайтын мемлекеттердің бірі деп есептеуге болады, ол өз кезегінде ел демографиясында көп жетістіктерге жетуге мүмкіндік берді. Осыдан Финляндияның үкіметі жас отбасыларға, отбасы құруға, балалардың туылуына және түрлі дәстүрлерді сақтауға шын көңіл бөліп қарайтынын байқауға болады. Финляндия өзінің салттарын ұстанып қалған консервативті мемлекет болып табылады, дегенмен де, мемлекет пен әлем дамуының есебінен кейбір өзгерістерді басынан кешіруде. Бұл тағы да бір артықшылық болып табылады, өйткені, үкімет жас отбасылар, жас ата-аналар мен отбасыға қатысты саясатқа инновациялық идеяларды енгізе алады [5].

Финляндияны жас аналарға арналған ең

ыңғайлы мемлекет деп атайды. Перзентханадан шығу барысында сәбиге алғашқы айлары керек болатын заттың бәрін сыйлап, жас атананың материалды мәселелерге бастарын ауыртпайтындай қылады. Барлық қоғамдық орындар бесік арбалар кіретіндей қылып жасалған, арнайы балалар бөлмесімен, кейбір кезде күтушілермен қамдандырылған. Әдетте балаларды бірнеше сағатқа тегін күтушіге тастап та кете береді [6].

Финляндия мен Қазақстанның тәжірибесін салыстыра отырып, елімізде декреттік демалысқа әкелердің де шыға алатынын негіздеуге болады. Денсаулық сақтаудың мемлекеттік жүйесінің қызметтерін барлық азаматтар қолдана алады. Алдын-алу шаралары, кеңес беру және ақпараттық қызмет көрсету тегін болып табылады. Денсаулық сақтау орталықтары жанында терапевтер, ана мен бала клиникалары, баланың денсаулығын сақтау қызметтері жұмыс істейді. Денсаулық сақтау орталықтарының қызметтері орталыққа қарайтын аудандарда тұратын азаматтардың барлығына да қолжетімді болып келетіндігін атап өту керек.



НОРВЕГИЯ ПАТШАЛЫҒЫ

Норвегиядағы некелер ұзақмерзімді болып келеді. Бүгінгі күні Еуропа мемлекеттерінің ішінде Норвегияда демографиялық өсімнің ең жоғары индекстерінің бірі тіркелген. Ол 1,9 құрайды. Осы көрсеткіш бойынша Норвегия Италия және Испания сияқты мемлекеттерден озып түсті, және де ол теңдестірілген мемлекеттік саясаттың арқасында іске асырылып отыр.

Ақырғы таңда Норвегия консервативті отбасы институтының өзгеруіне және ел азаматтарының мансаптық өсімін қолдауға бағытталған саясатты жүргізіп отыр. Мұндай саясат отбасыға және бала тәрбиесіне өз зардабын тигізбей қоймайды.

Солтүстік мемлекеттерінің әлеуметтік стратегиясының негізгі қағидалары:

- Халықтың түрлі топтарына қатысты қолданылатын әртарапты әдісті әмбебаптылықпен үйлестіру, әлеуметтік мәселелерді (баспана, коммуналды-тұрмыстық, көліктік қызметтер) шешудегі отбасылық және мемлекеттік бюджеттің өзара байланысындағы теңдік.
- Әлеуметтік мәселелерді шешудегі мақсаттылы және мекен жайлық әдісті кешендікпен үйлестіру, минималды өмірлік стандарттарды, оның ішінде әлеуметтік маңызды қызмет көрсетулерді мақсаттылы, мекен жайлық әдістермен үйлестіруді қамтамасыз етудің қоғамдық қолайлы нормаларын қалыптастыру
- Елдің әлеуметтік қалпы мен қажеттіліктерін көрсететін әлеуметтік индикаторлар талдауы мен әлеуметтік мониторингті қолдану көмегімен әлеуметтік саясаттың күшейтілген мекен-жайлық сипаты

Қазіргі әлеуметтік жағдайға талдау жүргізе отырып, аталмыш елдердің өз азаматтарына көмек көрсету мен демографиялық өсімді ынталандырудың дұрыс тактикасын таңдады деген қорытынды жасауға болады.

Мемлекет адамның, отбасының дамуы, өз халқының мәдени дәстүрлерін қолдау үшін жағдайлар жасау керек. Скандинавия әлеуметтік саясатының тетігі барлық тұрғындардың әлауқатын, әлеуметтік үрдістерді қамтамасыз етудегі мемлекеттік реттестіру жұмыстарын жүргізіп, әлеуметтік тежеулерді төмендетуге бағытталған әлеуметтік саясатты жүргізуге бағдарланған [7].

Әлеуметтік саясаттың негізгі бағыттары келесілерге бағытталған:



Халықтың өмір сүру сапасы мен деңгейіне қол жеткізу, оның ішінде білім беру, денсаулық сақтау, балаларды тәрбиелеу, экологияны жақсарту, азаматтардың экономикалық құқықтары мен еркіндіктерін қамтамасыз ету, олар мен олардың мүлкін қылмыскерліктен сақтау



Адам әлеуетінің дамуы, әлеуметтік игіліктердің үйлесімділігі, әлеуметтік поляризацияның әлсіреуі, қоғам дезинтеграциясына жол бермеу

Скандинавия өз азаматтарына күтіммен қарайтын, өмір деңгейін көтеру үшін мүмкін нәрсенің бәрін жасайтын елдер ретінде Еуропа арасындағы мемлекеттердің эталонына айналды. Бұл мемлекеттерде жас отбасының жағдайын жақсарту мен олардың құқықтарын қорғау толықтай іске асырылуда, ал әлеуметтік қызметтер елдің демографиясын дамыту

және әлемде отбасын құру және бала туу тәжірибесіне қарсы үрдістермен күресу үшін қалыптасқан болатын.



БІРІККЕН ҰЛЫБРИТАНИЯ ПАТШАЛЫҒЫ

Мемлекеттік отбасылық саясатты зерттеу барысында біз бірнеше мемлекеттің тәжірибесін, соның ішінде Ұлыбританияның тәжірибесін қарастырған болатынбыз.

Ұлыбританияда «мемлекетке масылдықтан айырылу» ұранымен Тэтчер және оның неоконсерватизмді ұстанушы жақтастары мемлекеттің қатысуынсыз әлеуметтік мәселелердің шешімін отбасының мойнына жүктегісі келді. Бұл саясаттың нәтижесі ретінде әлеуметтік мәселелерді шешудегі мемлекет рөлінің төмендеуі, мемлекеттің әлеуметтік бюджетінің қысқаруы орын алды.

2000 жылдардың басында Ұлыбританияда сәбилердің саны ақырғы 80 жыл ішінде ең төменгі деңгейді көрсетті. Бұл елде балаларды қолдау бойынша Мемлекеттік агенттік қарқынды жұмыс істей бастады.

Осындай саясаттың арқасында мемлекет халқы мигранттардың есебінен емес, ал дүниеге жаңа ұлыбритандық азаматтардың келуінен өсуде [8].



ФРАНЦИЯ РЕСПУБЛИКАСЫ

Франциядағы әлеуметтік-құқықтық қорғаудың тәжірибесі де үлкен қызығушылық тудыруда.

Франциядағы отбасылық жәрдемақылардың әртарапты жүйесі отбасылық саясаттың құрамдас бөлігі болып табылады. Отбасылық жәрдемақыларға қаржы бөлу кәсіпорындардың есебінен жүреді. 1990 жылдан бастап олардың салымдары төленген еңбекақы қорынан есептеліп жүреді. Бұл салымдар және мемлекеттен түсетін қаржы көздері түрлі отбасылық жәрдемақыларды, сонымен қатар баспана мен жұмыспен қамтылуға жұмсалған шығындарды өтейтін мақсаттылы сипаттағы отбасылық жәрдемақыларды беретін Ұлттық отбасылық жәрдемақылар қассасымен есептеліп шығарылады. Франция халықтың жұмыспен қамтылу деңгейін көтеру сұрақтарын шешу бойынша бірнеше стратегиялық бағыттарды ұсынып отыр. Бұл стратегияда жас отбасыларға жәрдемақылар мен оларға баспана бөліп беру белгілі бір орын алып отыр [9].



АМЕРИКА ҚҰРАМА ШТАТТАРЫ

АҚШ-тағы халықты әлеуметтік қорғау жүйесінің басты ерекшелігі орталықсыздандыру болып табылады. Бұл өз кезегінде түрлі деңгейлердегі, яғни федералды, штаттық және жергілікті деңгейлерде түрлі әлеуметтік бағдарламаларды іске асырудан көрініс табады. Аталмыш жүйенің артықшылықтары оның әрбір аймақтағы адамдардың әлеуметтік қажеттіліктерін уақытылы және толығымен қанағаттандыруға негізделеді.

АҚШ-ғы баспаналық субсидиялар табысы төмен отбасыларға беріледі, олардың көлемі жылына 2000 долларды құрайды. Табысы төмен аналардың өз балаларын бірнеше сағатқа қалдырып кете алатын орталықтар да жұмыс істейді. Дегенмен де, АҚШ демографиялық өсімнің жақсы деңгейімен мақтана алмайды, ол ақырғы жылдар ішінде едәуір төмендеген [8].

Германияда жас отбасыларға жеке баспана беру, балабақшаларды көбейту, бастауыш мектептердің қарамағында уақыты ұзартылған топтарын ашу, балалар және жастар демалысын, жаздық балалар лагерін ұйымдастыру тәжірибесі кеңінен таралған. Жастарды, оның ішінде студенттік отбасыларды қолдауға бағытталған мемлекеттік шаралар жас әйелдерге өз кәсібінің маманы және лайықты ана болуына септігін тигізбей қоймайды [10].

Ана баласы үш жасқа толғанша декреттік демалыста қалғысы келсе, жұмыс беруші оның жұмыс орнын сақтап қалуға міндетті болып келеді. Тұрмысы нашар адамдар екіқабаттарға арналған киімді, балаға ең қажетті заттарды сатып алу үшін бір реттік көмек ала алады. Көбісі балалары бір жасқа толмайынша жөргектерді тегін ала алады.

1970 жылдары аналықты сақтап қалу, балалары бар отбасыларға жәрдемақылар мен төлемақыларды беру жүйесі көптеген Батыс елдерінде іске қосылған болатын. Қазіргі таңда әлеуметтік көмек шеңберінде келесі іс-шаралар жүргізіліп келеді: екіқабат және бала туу жағдайында әйелдерге медициналық қызмет көрсету, декреттік демалыстарды ұйымдастыру және қаржыландыру, сәбилер мен кішкентай балалардың денсаулықтарын бақылау, балаларды тәрбиелеуге арналған демалысты рәсімдеу (ата-аналық демалыс), балаларға арналған отбасылық жәрдемақыларды беру, салықты төлеуде жеңілдіктер жасау, баспананы сатып алу немесе жалға алу үшін аз пайыздық несие беру.

Батыстың барлық елдерінде отбасыны жоспарлау қызметтері істейді, ал әйелдер жүктілікке қарсы дәрі қолдану құқығына ие. Аборттарға деген қатынас толықтай еркіндіктен қатал шектеулерге дейін өзгере алады [11].

Әлеуметтік баспананы салудың халықаралық тәжірибесі төрт негізгі үрдістерді түйіндеп отыр.

Біріншісі. Әлеуметтік баспананы жабдықтаушыларға көрсетілетін мемлекеттік қолдаудың қысқаруы және кедей тұтынушыларды тікелей қолдауды күшейту. Ұсыныстарды ынталандыру әлеуметтік баспананы салу үшін мемлекеттік бюджеттен қаржы бөлу арқылы іске асырылады, ал сұранысты ынталандыру жеке тұрмыстық жәрдемақыларға бюджеттен қаржы бөлу есебінен жүзеге асырылады.

Екіншісі. Мемлекеттік жалдамалы баспана тіркелген әлеуметтік үй қожайындарына, ең алдымен баспаналық қауымдастықтарға беріледі. Тіркелген әлеуметтік үй қожайыны статусы жеке бизнеске айтарлықтай жеңілдіктер жасайды. Көптеген мемлекеттерде барлық әлеуметтік баспана әлеуметтік агенттіктердің қолына берілген.

Үшінші. Әлеуметтік баспананы дамыту бағдарламаларында жеке ойыншылар мен жеке бизнес рөлін жоғарылату.

Төртінші. Баспаналық қауымдастықтар қызметіне мемлекеттік бақылауды күшейту – баспаналық стандарттарды, жалға алу шарттарын, баспаналық демократия деңгейін сақтау және т.б.

Сонымен, жоғарыда аталғандардың барлығы әлеуметтік баспананы салудың оңтайлы және қолайсыз жақтарын көрсетуге мүмкіндік береді. Оңтайлы жақтарына қамқорлыққа мәжбүр жандарды баспанамен қамту, жалға алушылардың тұрақты тұруын қамтамасыз ету, қоғамдық байлықтың ұлғаюына септігін тигізеді, аралас микроаудандарды қалыптастыру мүмкіндігі жатады. Шетелдік сарапшылар қолайсыз жақтарына баспананы таңдау құқығының шектелуі, тұрғындардың жеке қажеттіліктеріне сай болмауы, геттоның қалыптасуы, көптеген бюрократиялық кедергілердің кесірінен әлеуметтік баспананы төмен деңгейде қолдап отыру және нашар басқару.

Жалпы алғанда әлеуметтік баспананы салудың шетелдік тәжірибесін Қазақстандағы баспаналық мәселенің ушыққан күйін бәсеңдету, қалалық ортаның сапасын жақсарту, әлеуметтік баспана менеджментін жақсарту және әлеуметтік баспананы басқарудың кең баспаналық демократиясын дамыту үшін біздің қоғамымыздың шарттарына бейімдендіруге болады.

Сонымен, жас отбасыларды әлеуметтік-құқықтық қорғау саласындағы шетелдердің тәжірибесі субсидиялар, жәрдемақылар, аналар мен балаларға мемлекеттік тұрғыдан күтім көрсету шаралары басым орын алатын әлеуметтік көмектің негізгі формаларын анықтауға мүмкіндік береді. Жоғарыда аталған барлық мемлекеттер Қазақстан үшін отбасылық саясат саласында үлгі бола алады.

БАСПАНАЛЫҚ ЖАҒДАЙЛАРДЫ ЖАҚСARTУ БОЙЫНША ЖАС ОТБАСЫЛАРҒА АРНАЛҒАН МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАЛАР

Жас отбасылар баспанаға қалай қол жеткізе алады?

Жас отбасылардың ең өзекті мәселелерінің бірі жеке баспана иелену болып табылады. Жеке баспана – бұл берік отбасының, жемісті мансаптық өсімнің, рухани жайлылық пен адамның өзін өзі жетілдіруінің негізі болып табылады. Мемлекет ұлттық экономиканың мүмкіндіктері мен даму деңгейіне сүйене отырып, жастардың жеке баспанаға қол жеткізуіне қолдау көрсетіп отырады. Осы орайда көмектің ең сұранысты түрі баспаға қол жеткізудегі көмек сұрау болып табылады. Жеке баспананы сатып алу әр адам өміріндегі маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Жеке пәтер – жайлылық пен тұрақтылықтың кепілі ғана емес, ал ең алдымен, отбасы

құру мен оның мүшелер санының көбеюінің іргетасы болып табылады.

Баспана мәселесі қоғамның жаңадан қалыптасқан жанұялары үшін ең кең таралған мәселелердің бірі болып табылады. Сол себептен жас отбасылар осы мәселемен жиі кездеседі. Бұл қиын жағдайды жеткілікті ақпарат көзіне иеленетіндер ғана еңсере алады. Мәселен, жас жұптар «Жас отбасы» бағдарламасының егжей-тегжейін білген жағдайда белгілі бір жәрдемақыларға иеленіп, жеке баспана сатып алуда қаржылық жеңілдіктерге иелене алады.

Қазақстандық заңға сәйкес мемлекет баспаналық мәселені шешуде жас отбасыға келесі формаларда, яғни мемлекеттік бағдарлама бойынша баспана және жалдамалы баспана түрінде көмек көрсете алады.



Жас отбасыларға арналған баспана – Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылдың 27 қаңтарында Қазақстан халқына арнаған «Әлеуметтік-экономикалық модернизация – Қазақстан дамуының басты бағыты» жолдауындағы тапсырмаларын іске асыру шеңберінде даярланған баспана құрылысының жаңа бағыты болып табылады.

Баспаналық мәселелер әлеуметтік маңыздылыққа иеленетін басқа да мәселе секілді Елбасының үздіксіз бақылауымен қадағаланып отырады. Мемлекет түрлі уақыттарда баспаналық қорды дамыту және азаматтарды баспанамен қамтамасыз ету бойынша іс-шараларды іске асырып отырған болатын.

Аймақтардың 2020 жылға дейін даму бағдарламасы

Қазіргі таңда Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі аймақтардың 2020 жылға дейін даму бағдарламасы бойынша жұмыс істеп келеді. Бұл қазақстандықтарды, оның ішінде жас отбасыларды жаңа, қолжетімді және қолайлы баспанамен қамтамасыз етудің бірегей мемлекеттік бағдарламасы болып табылады. Аймақтардың 2020 жылға дейін даму

бағдарламасы 2014 жылдың 28 маусымында Қазақстан Үкіметінің №728 қаулысымен бекітілді. Мемлекет жаңа үйлерді салуға қаржы бөліп келеді. Сіз қазіргі сәттен бастап аталмыш бағдарлама бойынша жаңа пәтердің қожайыны бола аласыз.

Оған қоса отбасын енді құрған жас жанұяларға арналған арнайы бағдарлама бар. Мемлекеттік бағдарлама жас жұбайларға жалдамалы баспананы кейін сатып алу мүмкіндігімен бере алады, ал банк баспаналық несиені алу және жинақтау үшін тиімді шарттар ұсына алады.

Сіз келесідегідей жағдайда бағдарламаға қатыса аласыз:

Сіздің Қазақстан Республикасының территориясында (немесе отбасы мүшелерінде) меншігіңізде баспана немесе жалдамалы баспана болмауы тиіс.

«Қазақстандық ипотекалық компания» АҚ келешекте сатып алу мүмкіндігімен жалдамалы баспана бере алады. ҚИК желісіндегі баспаналарды көпбалалы отбасылар, толық емес отбасылар, мүгедек балалары бар отбасылар, жетім балалар, ата-ананың қамқорынсыз қалған балалар, оралмандар, мемлекеттік қызметкерлер, әскер қызметкерлері, арнайы мемлекеттік мекемелердің қызметкерлері, бюджеттік

БАҒДАРЛАМА ШЕҢБЕРІНДЕ ҚОЛЖЕТІМДІ БАСПАНА САЛУ КЕЛЕСІ БАҒЫТТАР БОЙЫНША ІСКЕ АСЫРЫЛАДЫ:

Жергілікті атқарушы органдарының кезектегі адамдарына арналған баспана

Жас отбасылар мен халықтың кез келген санатына берілетін "Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі" АҚ желісіндегі баспаналар

"Қазақстандық ипотекалық компания" АҚ баспаналары

"Самруқ-Қазына жылжымалы мүлкінің қоры" АҚ баспаналары

Апаттық күйіндегі үйлерді бұзу бойынша сынамалы жобалардың шеңберіндегі баспана

2 сурет – «Аймақтардың 2020 жылға дейін дамуы» бағдарламасының шеңберіндегі қолжетімді баспананы салудың негізгі бағыттары



ұйымдардың қызметкерлері ала алады. Сонымен қатар бұл баспананы ҚИК-пен келісім немесе меморандум орнатқан мемлекеттік заңды тұлғалардың қызметкерлері де ала алады. «Аймақтардың 2020 жылға дейін даму бағдарламасын» іске асыру барысында ҚИК жалдамалы баспананың 1 483 мың шаршы метрін (шамамен 29 мың пәтер) таратуды жоспарлап отыр. Орта тапқа жатқызылатын және төлеуге қабілетті азаматтар «Самрұқ-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» бағдарламасы бойынша баспанаға қол жеткізе алады.

«Самрұқ-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ желісіндегі баспананы Қазақстанның барлық азаматтары ала алады, бірақ, бұл жағдайда баспанасы жоқ немесе тұрмыстық жағдайларын жақсартуға мәжбүр азаматтарға артықшылық беріледі.

Бағдарлама шеңберіндегі жеке пәтерлерге қолжеткізудің басқа әдістерімен салыстырғанда халық арасында ең сұранысқа иесі «ТҮҚЖБ» АҚ желісіндегі баспаналарды алу болып табылады. Баспананы Қазақстанның барлық азаматтары банктің шарттарын орындау арқылы ала алады (пәтердің жарты сомасын үш жыл немесе одан да ұзақ мерзімде тұрақты жинақтау арқылы). Оған қоса, банк ортақ бір айлық табысы 230 мың теңгені құрамайтын жас отбасыларға пәтерлерді бере алады. Елімізде қалыптасқан экономикалық жағдайда «ТҮҚЖБ» жұмысында үлкен бір артықшылық бар, ол – долларға деген тәуелділіктің болмауы. Банктің жұмыс істейтін жалғыз валютасы – теңге, сәйкесінше, баспананың құны доллар бағамына байланысты қайта бағаланып отырмайды.

ҚР Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің мәліметтері бойынша халықтың баспанамен қамтылуының орташа көрсеткіші ақырғы бес жыл ішінде қарқынды өсіп келеді.

ТҮҚЖБ желісіндегі «Жас отбасыларға арналған баспана» бағытына қатысушы азаматтар келесі талаптарға сай болуы тиіс:

Арыз берген сәтте жұбайлардың екеуі де 29 жастан аспау керек. Отбасы толық емес болған жағдайда, бұл шектеу бала тәрбиелеп отырған жалғыз басты ата-анаға ғана таралады. Тіркелген неке уақыты екі жылдан кем болмауы тиіс. Бұл шектеу толық емес отбасыға таралмайды.

Отбасы мүшелерінің саны пәтердің көлемін анықтауда есепке алынады, әрбір адамға 15-тен 18 шаршы метр белгіленеді. Егер отбасында үш адам болса, онда пәтердің шаршы метрі 45 ш. метрден кем болмауы тиіс.

«Жас отбасы» бағытына қатысу үшін ерлі-зайыптылар мен отбасы мүшелерінің меншігінде пәтер алынайын деп жатқан жерде жеке жылжымайтын мүлкі болмауы тиіс.

Жас отбасылар келешекте сатып алу мүмкіндігімен жалдамалы баспанаға ақша құю арқылы ТҮҚЖБ желісіндегі «Жас отбасыларға арналған» бағыты бойынша пәтер ала алады.

Жас отбасы тобындағы «ТҮҚЖБ желісіндегі баспана», «ҚИКАҚ баспанасы» бағыттарындағы бағдарлама қатысушыларына қойылатын негізгі талаптар:

1) Қазақстан Республикасының азаматы немесе оралман статусына ие болуы;

2) «ТҮҚЖБ желісіндегі баспана», «ҚИКАҚ баспанасы» бағыттары бойынша Алматы және Астана қалаларында баспана алуға арыз берген азамат осы қалаларда ақырғы 2 жыл ішінде тіркеуде тұруы тиіс;

Басқа аймақтарда «ТҮҚЖБ желісіндегі баспана», «ҚИКАҚ баспанасы» бағыттары бойынша өзінің тұрғылықты жерінен баспана алуға арыз берген азамат сол аймақта тіркелуі тиіс;

3) Бағдарламаға қатысып отырған адамның және онымен бірлесіп тұрып жатқан отбасы мүшелерінің (жұбайлар, кәмелетке толмаған балалар), сонымен қатар арызда көрсетілген басқа отбасы мүшелерінің Қазақстан Республикасының территориясында келешекте сатып алу мүмкіндігімен берілген жалдамалы баспанасы болмауы тиіс;

4) Бағдарламаға қатысып отырған азаматтың және арызда көрсетілген отбасы мүшелерінің Қазақстан Республикасы территориясындағы тұрғын үй-жайын ауыстыру немесе ақырғы бес жыл ішінде меншігінде болған тұрғын үйін оқшауландыру арқылы өзінің тұрмыстық жағдайын қасақана нашарлатқаны туралы дәлелдердің жоқтығы;

5) жалдамалы төлемдерді есептегенде тұрмыстық жинақтарды жинау немесе тұрғын үй құрылыс жинағы жүйесі арқылы баспананы сатып алу, «ҚИКАҚ баспанасы» бағыты бойынша жалдамалы баспана үшін төлемдерді жасау бойынша өзінің төлеуге қабілеттелігін дәлелдеу.

Жинақтау барысында жас отбасы салымдарын ұлғайта отырып, баспананы несиесіз ақ толығымен сатып ала алады, алайда, бұл жағдайда депозит 16-ны құрайтын минималды бағалау көрсеткішіне жету үшін 3 жыл өтуі тиіс.

Дегенмен, мемлекеттік бағдарламаның барлық қатысушылары баспанаға қол жеткізе алмайды. Бұл жағдайда Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі өзінің ипотекасын ұсына алады.

1 Кесте.

АЛМАТЫ ЖӘНЕ АСТАНА ҚАЛАЛАРЫНДАҒЫ 3 БӨЛМЕЛІК ПӘТЕРГЕ ЕСЕП ЖАСАУДЫҢ ҮЛГІСІ

Пәтердің бағасы	9 600 000 теңге
Ауданы	80 ш.м
Бір шаршы метрді жалға алудың бағасы	0 теңге
Баспананың бағасы (ш.м)	120 000 теңге
Алғашқы 8 жыл ішінде ай сайынғы төлем	50 880 теңге
Жылына 4 пайыз ұстайтын «Кемел» бағдарламасы бойынша алдағы 15 жыл ішінде жүргізілетін ай сайынғы төлем	27 222 теңге
15 жыл ішінде үстінен төленетін сома	1 219 773 теңге

2 Кесте.


АЙМАҚТАРДАҒЫ 3 БӨЛМЕЛІК ПӘТЕРГЕ ЕСЕП ЖАСАУДЫҢ ҮЛГІСІ

Пәтердің бағасы	8 000 000 теңге
Ауданы	80 ш.м
Бір шаршы метрді жалға алудың бағасы	0 теңге
Баспананың бағасы (ш.м)	100 000 теңге
Алғашқы 8 жыл ішінде ай сайынғы төлем	42 400 теңге
Жылына 4 пайыз ұстайтын «Кемел» бағдарламасы бойынша алдағы 15 жыл ішінде жүргізілетін ай сайынғы төлем	22 000 теңге
15 жыл ішінде үстінен төленетін сома	985 000 теңге

3 кесте.

АЙМАҚТАРДАҒЫ «ЖАС ОТБАСЫ» 2016 БАҒДАРЛАМАСЫ

Аймақтар	Үйлердің саны	Пәтерлер саны	Ауданы, мың ш.м
Ақмола	1	75	5
Алматы	2	100	7
Атырау	1	45	3
Шығыс Қазақстан	4	345	20
Батыс Қазақстан	2	180	11
Қарағанды	3	228	10
Қызылорда	3	180	12
Павлодар	1	64	5
Солтүстік Қазақстан	1	75	4
Оңтүстік Қазақстан	2	216	11
Астана	3	382	25
Алматы	15	594	34
Жалпы	38	2484	146



ЖАС ОТБАСЫЛАРДЫ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ

Жас отбасыларға кеңес беретін әлеуметтік қызмет көрсетушілерге арналған әдістемелік нұсқаулық

2016 жылы жас отбасылар үшін 2484 пәтер салынады.

2015 жыл және 2016 жылдың 4 айы ішінде аймақтарды 2020 жылға дейін дамыту бағдарламасының шеңберінде жалпы ауданы 609 мың шаршы метрін құрайтын 9675 пәтер пайдалануға берілді: «Халықтың барлық санаттары үшін баспана» бағыты бойынша 474 мың шаршы метрі немесе 7410 пәтер берілді. «Жас отбасыларға арналған баспана» бағыты бойынша 135 мың шаршы метрі немесе 2265 пәтер берілді [12].

ТҮҚЖБ қоғаммен байланыс басқармасының мәліметтері бойынша аталмыш банктің желісі бойынша жалпы ауданы 146 мың шаршы метрін, 2484 пәтерді құрайтын 38 үй салынады.

Өтініш берушілерге кеңес: мемлекеттік бағдарлама бойынша баспананы қалай алуға болады

1. Әкімдіктер мен баспана басқармаларының сайтындағы құжаттарды қабылдау туралы жаңалықтарды бақылап отырыңыз. Мемлекеттік органдардың әлеуметтік желілерде аккаунттары болады, соларға жазылып қойыңыз.

2. БАҚ бақылап отырыңыз.

3. Тұрғын үй құрылыс жинақ банкінде депозит ашып қойыңыз. Жинаған сомаңыз аз болғанымен, төлемдеріңіз уақытында жасалып отыруы тиіс. Егер әкімдіктің атынан тізімге кіре алмасаңыз, сіз «Халықтың барлық санаттары үшін баспана» бағыты бойынша немесе ТҮҚЖБ «Өз үйім» жаңа бағдарламасы бойынша баспана ала аласыз. Бұл жағдайда банкінің кез келген салымшысы баспана ала алады, алайда ақырғы бес жыл ішінде баспанасыз жүрген салымшыларға артықшылық беріледі.

4. Ай сайынғы табысты растау қажеттілігін естен шығармаңыз. Пәтерге арыз беру уақытына қарай ол қалыпты шешім шығару үшін жеткілікті болуы тиіс [13].

Қорытынды жасай отырып, Қазақстан халқын, жас отбасыларды баспанамен қамтамасыз етуге бағытталған бағдарламалардың ең жемістісі «Аймақтарды 2020 жылға дейін дамыту бағдарламасы» болып табылады деп айтуға болады. Бағдарламаны іске асыру барысында жас отбасылардың бір бөлігі баспанамен қамтамасыз етілді. «Аймақтарды 2020 жылға дейін дамыту бағдарламасы» әрбір қазақстандықтың өзінің жеке баспанасына иеленуінің абсолюттік шынайы мүмкіндігі болып табылады [14].

Мемлекет жас отбасыларды баспанамен қамтамасыз етудің басқа да мүмкіндіктерін ұсынып отыр. Сонымен қатар «2020 жылға дейін жұмыспен қамтылудың жол картасы» бағдарламасының шеңберінде қызметтік баспана да иеленуге болады.

Жұмыс беруші қажеттілігінің шеңберіндегі еңбекресурстарының белсенділігін жоғарылату Қазақстан Республикасы азаматтарының өз еркімен қоныс аударуына септігін тигізу есебінен және жастардың бейімделуі үшін жағдайларды жасау негізінде іске асырылады.

Қатысуға құқығы бар тұлғалар және оларға мемлекеттік қолдаудың шараларын ұсыну жұмыспен қамтылу үрдісіне септігін тигізудің белсенді шараларына қатысатын тұлғалардың белсенділігін жоғарылату ережелерімен және оларға мемлекеттік қолдау шараларын көрсетумен анықталады.

Бағдарлама қатысушыларының әлеуметтік және экономикалық даму әлеуеті төмен елді мекендерден әлеуметтік экономикалық дамуының әлеуеті жоғары елді мекендерге және экономикалық дамудың орталықтарына көшуі келесі жағдайларда іске асырылады:

1) бір ауданның ішінде;

2) бір облыстың шеңберіндегі бір ауданнан (облыстық статусы бар қаладан) басқа ауданға (облыстық статусы бар қаладан) көшу;

3) бір облыстан екіншісіне көшу.

Әлеуметтік және экономикалық дамуының төмен, орташа және жоғары әлеуеттегі елді мекендерді анықтаудың критерийлері аймақтық даму сұрақтарын реттестіретін орталық құзырлы органмен даярланып, бекітіледі.

Әзірленген белгілерге сәйкес жергілікті атқарушы органдар орталық құзырлы органның келісімі бойынша әлеуметтік және экономикалық дамуының төмен және жоғары әлеуеттегі елді мекен тізімін анықтайды және оны Бағдарлама операторына бағыттайды.

Көшіп қонумен байланысты жәрдемақылар көшіп қонуға жұмсалған шығындарды өтейді.

Жұмыс берушінің есебінен көшіп қонған және жұмыспен қамтылған азаматтар қатысушылардың қатарына еніп, белгілі бір тәртіпте тиісті мемлекеттік қолдауға ие.

Жүзеге асыру тетігі:

1) қатысуға тілек білдірушілер халықты еңбекпен қамту орталығына көшу туралы өтініш беріп, жұмыспен қамтылуға септігін тигізудің белсенді шараларына қатысатын тұлғалардың белсенділігін жоғарылату және оларға мемлекеттік көмек көрсетудің



КӘСІБИ ДАЯРЛАУ, ҚАЙТА ДАЯРЛАУ ЖӘНЕ БІЛІКТІЛІКТІ ЖОҒАРЫЛАТУ КУРСТАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРАДЫ



жаңа елді мекенде жұмыспен қамтылуға септігін тигізеді



көшіп қонуға жәрдемақылар бөледі



қызметтік баспана ұсынады



жұмыс істейтін жастарға жатақханадан бөлме беру



Бағдарлама қатысушыларына мемлекеттік қолдау көрсетуді ұсынады

3 сурет – Бағдарлама қатысушыларына мемлекеттік қолдау көрсету

ережелерімен анықталатын құжаттарды қоса тапсырады;

2) халықты жұмыспен қамту орталығы құжаттарды қатысуға іріктеу белгілеріне сай қарастырып, арыз берушілермен бірге көшудің мүмкін нұсқаларын талқылап, мәмілеге келіп, құжаттарды көшу орнына байланысты аймақтық немесе аудандық (қалалық) комиссияға жібереді;

3) Бағдарламаға қатысуға арыз берген тұлғалардың құжаттарын қарастыру нәтижесінде:

Аймақтық комиссиялар бір ауданнан екіншісіне көшетін азаматтарды Бағдарлама қатысушыларының қатарына кіргізу (қабылдау) ұсыныстары мен басқа облысқа көшетін азаматтардың Бағдарлама қатысушыларының қатарына кіргізу (қабылдау) ұсыныстары мен тапсырыстарын даярлап шығарады;

Аудандық/қалалық комиссиялар бір аудан аумағында көшетін азаматтарды Бағдарлама қатысушыларының қатарына кіргізу (қабылдау) туралы ұсыныстарды даярлап шығарады;

4) аймақтық немесе аудандық/қалалық комиссия шешімінің негізінде жұмыспен қамту орталығы арыз берушілерді Бағдарлама қатарына кіргізу (қабылдау) туралы шешім қабылдайды;

5) Бағдарлама қатысушыларының

қатарына кірген азаматтар жұмыспен қамту орталығымен әлеуметтік келісім шартқа қол қояды. Әлеуметтік келісім шарт көшіп қонуға әлеуметтік қолдау көрсетумен қатар жаңа орында жұмыспен қамту шараларын да қарастырады;

6) аймақтарды дамыту бойынша орталық құзырлы орган сейсмологиялық зоналар мен сипаттамаларды ескере отырып, баспананың типтік жобаларын (жеке немесе көп пәтерлі) жасап шығарады;

7) әлеуметтік келісімнің шарттарын орындау жұмыспен қамту орталығымен қадағаланады.

«Еңбек ресурстарының белсенділігін жоғарылату» компонентін іске асырудың қосымша шарттары сынақтан өтіп жатыр.

Шығыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан, Қызылорда және Павлодар облыстарында және МВК шешімімен анықталған аймақтарда қызметтік баспаналардың салынуы, сатып алынуы, оларға адамдарды орналастыру жұмыс берушілердің қатысуымен іске асырылады.

Бағдарламаны 2020 дейін іске асыру нәтижесінде жұмыспен қамтуға септігін тигізудің белсенді шаралары бір жарым миллион адамды, соның ішінде сегіз жүз мың ауыл азаматтарын қамтитын болады.

Тиімсіз жұмыспен қамтудың салмақтық үлесі төмендеп, жұмыссыздық азайып, еңбек өнімділігі өсіп, халықтың табысы ұлғаяды.

БАЛА (БАЛАЛАР) ТУУ (АСЫРАУ) ЖАҒДАЙЫНДА ӘЛЕУМЕТТІК ТӨЛЕМДЕРДІ АЛУ БОЙЫНША МЕМЛЕКЕТТІҢ ЖАС ОТБАСЫҒА КӨРСЕТЕТІН ҚОЛДАУЫ

Жас отбасыларға арналған қандай әлеуметтік көмек түрлері бар?

Қазақстан Республикасының Конституциясы Қазақстанды адамның еркін дамуы мен жоғары деңгейдегі өмірін қамтамасыз ететін әлеуметтік мемлекет ретінде жариялады. Осы

саясатқа сәйкес азаматтардың еңбегі мен денсаулығы (оның ішінде мүгедектер мен қарт адамдардың) сақталып, отбасы мен аналарға мемлекеттік қолдау көрсетіліп, әлеуметтік қызмет жүйесі дамып, әлеуметтік қорғалудың басқа да кепілдіктері ұсынылуда.

Қолжетімді баспананы сатып алу —

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ



мемлекеттік қызмет бағыттарының бір тармағы ғана. Одан бөлек әлеуметтік қолдаудың басқа да түрлері бар:



Қазақстан Республикасының «Балалары бар отбасыларға мемлекеттік жәрдемақы беру туралы» заңы және «Еңбек туралы» заңның 66 бабына сәйкес Қазақстанда осы жылға баланың туылуына байланысты бір реттік жәрдемақы мен баланың бір жасқа дейінгі күтіміне ай сайынғы жәрдемақы беру қарастырылған.

Егер нәрестенің анасы (анасы болмаған жағдайында әкесі) жұмыс істемесе жүктілік пен бала туу үшін мемлекеттік жәрдемақы беріледі. Баланың туылу кезінде баланың ата анасы жұмыс істесе де, істемесе да тиісті құжаттарымен баланың туылуына қатысты мемлекеттік бюджеттен төленетін «Бір жолғы мемлекеттік жәрдемақсын» тағайындауды талап ете алады.


Бір жолғы мемлекеттік жәрдемақының мөлшері: 2016 жылы Қазақстандағы бір айлық есептік көрсеткіш 1 982 теңгені құрайды.

- Бірінші, екінші және үшінші балаға - 31.41 АЕК; 31.41 x 2121= 66620.61теңге.

- Төртінші және кейінгі балаға – 52.35 АЕК; 52.35 x 2121= 111034.35 теңге. Бала туылған кезде берілетін әлеуметтік жәрдемақы тиісті құжаттарды ұсынған сәттен бастап он күн ішінде беріледі.

Жәрдемақыны алу үшін қажетті құжаттар:

- куәлік
- ЖСН;
- үй кітабы;
- карточкалық есеп шот немесе дербес шоттың номері



БАЛАНЫҢ БІР ЖАСҚА ДЕЙІНГІ КҮТІМІНЕ БЕРІЛЕТІН АЙ САЙЫНҒЫ ЖӘРДЕМАҚЫНЫҢ МӨЛШЕРІ



Бірінші балаға
5,76 АЕК
(5.76x2121 = **12216.96 тг**)



Екінші балаға
6,81 АЕК
(6.5x2121 = **13786.5 тг**)



Үшінші балаға
7,85 АЕК
(7.5x2121 = **15907.5 тг**)



Төртінші және одан
кейінгі балаға **8,9 АЕК**
(8.5x2121 = **18028.5 тг**)

Барлық құжаттар, көшірмелері мен түпнұсқалары қалалық ЖТҚО беріледі.

Бір жасқа толмаған бала күтіміне берілетін ай сайынғы жәрдемақы. Егер баланың анасы немесе әкесі жұмыс істемеген жағдайда Қазақстанда мемлекеттік бюджет есебінен ай сайынғы ақша төлемдерін беру тәжірибесі қарастырылған. Ақша бала туылғаннан кейін, яғни баланың туылу туралы куәлігінің негізінде аударылады.

Бала күтіміне берілетін жәрдемақыны алу үшін қажетті құжаттар:

- куәлік;
- ЖСН;
- үй кітабы;
- карточкалық есеп шот немесе дербес шоттың номері
- отбасы құрамы туралы анықтама (ЗТМО толтырады)

Баланың туылу туралы куәлігі (көпбалалы отбасы болса әр баланың куәлігін көрсету керек).

Әйел адам жұмыс істеген жағдайда


1. Жүктілік пен босануға әлеуметтік төлемдер беріледі. Қазақстан Республикасының міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы заңы бойынша


еңбек келісім шарты бойынша жұмыс істеп жүрген әйелге жүктілік пен босану (босану жәрдемақысы) бойынша бір жолғы әлеуметтік төлем Әлеуметтік сақтандырудың мемлекеттік қорынан беріледі. Бұл жағдайда еңбекке жарамсыздық парағы берілгенге дейін ақырғы 12 ай ішінде ай сайынғы әлеуметтік аударымдар жүріп тұруы тиіс. Жәрдемақының мөлшері табыстың орташа айлық мөлшерін тиісті коэффициентке көбейту арқылы шығарылады. Табыстың орташа айлық көрсеткіші: әрбір айға берілген табыс сомасы жұмыс істеген айлар санына бөлінеді. Бір жолғы төлем беру жағдайында табыстың орташа айлық мөлшері келесі жолмен анықталады: он екі айда жиналған табыстың сомасы, еңбекке жарамсыздық қағазы берілген айды қоса есептегенде, 12-ге бөлінеді. Коэффициент еңбекке жарамсыздық парағы берілген күндердің санымен анықталады: 56 күнтізбелік күн жағдайында К=1,9; құрайды, 126 күнге К=4,2; 140 күнге К=4,7; 170 күнге К=5,7; 184 күнге К=6,2. Күнтізбелік күндер демалыс пен мейрамдарды қоса есептегенде барлық күндер болып табылады. Жүктілік пен босануға берілетін бір жолғы әлеуметтік


ЖҮКТІЛІК ПЕН БОСАНУҒА АРНАЛҒАН ӘЛЕУМЕТТІК ТӨЛЕМДЕРДІ АЛУ ҮШІН ҚАЖЕТТІ ҚҰЖАТТАР

 Үй кітабы

 Куәлік

 Жеке сәйкестендіру номері (ЖСН)

 Жеке немесе банктік карточкалық есеп шот (есеп шотты міндетті түрде ашу керек)

 Еңбекке жарамсыздық қағазы



ХҚО-ны тіркелу туралы беретін мекен-жайлық анықтамасы (әйелдің тұрақты тіркелген орны болмаса, уақытша тіркелу туралы анықтама беріледі)

7 сурет – Жүктілік пен босануға арналған әлеуметтік жәрдемақыны алу үшін қажетті құжаттар

төлемнің мөлшері жұмыс берушінің Әлеуметтік сақтандырудың мемлекеттік қорына аударған төлемдердің мөлшеріне байланысты болып келеді. Жәрдемақы 75 минималды жалақыға тең, табысты алмастырудың 4,2 коэффициентіне көбейтілген сомадан асып түспеу керек.

Бала күтіміне берілетін әлеуметтік төлемдер қарастырылған. Баланың бір жасқа дейінгі күтіміне берілетін ай сайынғы әлеуметтік төлем бала туылғанға дейінгі ақырғы 24 ай ішінде Әлеуметтік сақтандырудың мемлекеттік қорына түскен ай сайынғы әлеуметтік аударымдардың негізінде анықталады. Бұл жағдайда бала туылғанға дейінгі 24 ай ішінде әлеуметтік аударымдар жасаудың негізінде орташа айлық табыстың 40 пайызы беріледі. Табысты алмастырудың 0,4 коэффициенті орташа айлық табыстың 40% болып табылады. Әлеуметтік аударымдар жүрген жалақының сомасы жұмыс істеген айлар санына бөлініп, 0,4 көбейтіледі. Бір жасқа толғанға дейінгі бала күтіміне берілетін жәрдемақының минималды мөлшері жұмыс істемейтін әйелдердің бір жасқа толғанға дейінгі бала күтіміне алатын мемлекеттік жәрдемақысынан төмен болмауы тиіс. Бала күтіміне берілетін жәрдемақының максималды мөлшері минималды жалақының 10 еселік мөлшерінен 40 пайызды құрап, одан асып түспеу керек ($10 \times 21364 = 213640$ тг, $40\% =$

85456 тг.).


Барлық құжаттарды – түпнұсқалар мен көшірмелерді қалалық ЗТМО береді. Заң бойынша тиісті жәрдемақылардан 10% міндетті зейнетақылық салымдар ұсталынып, олар жәрдемақы алушының жинақтық зейнетақылық қорына аударылады.

«Бірінші, екінші, үшінші баланың туылуына берілетін біржолғы мемлекеттік жәрдемақының мөлшері 66 621 теңгені, төртінші және одан кейінгі балалардың туылуына берілетін жәрдемақының мөлшері 111 035 теңгені құрады. Бірінші бала күтіміне берілетін ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақының мөлшері 12 217 теңгені, екіншісіне - 14 445 теңгені, үшіншісіне - 16 650 теңгені, төртінші және одан кейінгілерге - 18 877 теңгені» құрады [15].

Жалғыз басты ана болған жағдайда.

Жалғыз басты аналарға әлеуметтік жәрдемақыларды беру жалпы негіздерге сүйеніп қарастырылған. Жалғыз басты аналарға республикандық бюджеттен қосымша төлемдер мен әлеуметтік жәрдемақылар қарастырылмаған. Қалыптасқан жағдайды жеке дара талқылап, қарастыру үшін Жұмыспен қамтылу мен әлеуметтік бағдарламалардың қалалық басқармасына жүгінуне болады.

Қазақстандағы жәрдемақыларды тағайындау және алу туралы нақты ақпаратты мына мекен-



8 сурет - Бала күтіміне арналған жәрдемақыларды алу үшін қажетті құжаттар



БАЛАЛАРЫ БАР ОТБАСЫЛАРҒА БЕРІЛЕТІН МЕМЛЕКЕТТІК ЖӘРДЕМАҚЫЛАР ТУРАЛЫ» ЗАҢНЫҢ 4 БАБЫНА СӘЙКЕС ТУЫЛҒАН, АСЫРАП АЛЫНҒАН, ҚАМҚОРЛЫҚҚА АЛҒАН БАЛАЛАРЫ БАР ОТБАСЫЛАР ТӨИЕНДЕГІЛЕРГЕ ҚҰҚЫЛЫ:

- бала туылғанына жәрдемақы (жаңадан туылған нәресте болса) алуға;
- Келесі жағдайларда бала күтіміне жәрдемақы алуға құқылы:
 - Баланың күтімімен айналысатын адам міндетті әлеуметтік сақтандырудың қатысушы болмаса;
 - 2008 жылдың 1 қаңтарына дейін туылған баланың күтімімен айналысатын адам міндеттік әлеуметтік сақтандыру жүйесінің қатысушы болып табылады;
- Отбасының бір жанға шаққандағы табысы азықтық қоржыннан төмен болған жағдайда отбасыдағы балаларға;
- Мүгедек баланы тәрбиелеп отырған адамға жәрдемақы.

жайдан білуге болады <http://egov.kz/wps/>.

Жаңадан туылған сәбині асырап алған жағдайда сіз тиісті төлемдері берілетін декреттік демалысқа шыға аласыз.

Балаларға жәрдемақы алу құқығы тоқсан сайын табысты көрсететін анықтамамен расталады.

Қазақстанда бала асырап алушылар айына бір балаға 10 АЕК мөлшерінде жәрдемақы алатынын атап өтейік (1 АЕК -1731 теңге). Балаларды патронаттық тәрбиелеуге алғандар ай сайынғы жәрдемақыдан бөлек 60-70 мың шамасында (арнайы білімі бар адамдар) [15].

Балалары бар отбасыларға тағайындалатын мемлекеттік жәрдемақы Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 28 маусымында бекітілген № 63-III Заңының негізінде беріледі. 18 жасқа толмаған балаларға берілетін жәрдемақы отбасының бір жанға шаққандағы табысы азық түлік қоржыннан төмен болған жағдайда тағайындалады. Азық түлік қоржынның құны өмір сүрудің шектік белгісінің 60 пайызын құрайды. Қазақстанда ол 2016 жылдың 1 тоқсанына 21364 теңгені құрады. 2016 жылдың 1 тоқсанына азық түлік қоржынның мөлшері 12818 теңгені құрады. Жәрдемақының мөлшері – айлық есептік көрсеткіштің 1,05 немесе әр балаға тиісті 2227 теңгені құрайды.

18 жасқа толмаған балаларға жәрдемақы алу үшін арыз беруші елдің мекеннің тіркелген жері бойынша Басқарманың аудандық бөліміне немесе Халыққа қызмет көрсету орталығына келесі құжаттарын тапсыру керек:

- 1 балаларға жәрдемақы тағайындау туралы өтініш;
- 2 баланың (балалардың) туылу куәлігінің көшірмесі (көшірмелері);
- 3 өтініш берушінің жеке куәлігі;
- 4 отбасының тұрғылықты жерін анықтайтын құжаттың (азаматтарды тіркеу кітабы немесе мекен-жайлық бюронның анықтамасы, немесе ауыл әкімінің анықтамасы) көшірмесі;
- 5 отбасы құрамы туралы ақпарат;
- 6 отбасы мүшелерінің өткен тоқсандағы табыстары туралы ақпарат.

ЖАС ОТБАСЫЛАРҒА ӘЛЕУМЕТТІК-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ, ҚҰҚЫҚТЫҚ, ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖӘНЕ МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕК КӨРСЕТЕТІН ҚАЗАҚСТАНДЫҚ МЕКЕМЕЛЕР

Отбасында қиындықтар туған жағдайда қайда жүгінуге болады?

Жастарға арналған әлеуметтік қызметтер жастардың интеллектуалды, физиологиялық, рухани, шығармашылық дамуы мен кәсіби







даярлануы мен кәсіпкерлік әлеуетін іске асыру мақсатында қызмет етіп келеді.

Тұрақты жайлылығымен ерекшелінетін отбасы жастарды бірлескен отбасылық өмірге дайындап шығару жағдайында ғана мүмкін



- Қиын өмірлік жағдайды басынан кешіріп жүрген, білім берудің арнайы мекемелерінен, ерекше режимдегі білім беру орындарынан қайтып келген, алкоголизм, нашақорлық, токсикоманиядан емделген жастарға және мүгедектер қатарындағы жастарға психологиялық-педагогикалық, медициналық, әлеуметтік, заңгерлік көмек пен кеңес беру
- Жастардың заңға қайшы әрекеттерінің алдын алу
- Тұрғылықты мекен бойынша жастардың демалысын ұйымдастыру
- Жастардың кәсіпкерлік қызметін қолдау және дамыту
- Жастардың өзін өзі басқаруын дамытуға үлес қосу
- Қазақстан Республикасының заңына қайшы келмейтін басқа да әлеуметтік маңызды бағыттар

9 сурет - Жастарға арналған әлеуметтік қызметтердің негізгі бағыттары


ТЕГІН ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУЛЕР	 Орташа, арнайы білім	 Мәдениет мекемелерінің қызметтері	 Медициналық көмек және емделу
	 Азаматтардың түрлі санаттарына арналған жеңілдіктер	 Зейнетақы мен жәрдемақылардың барлық түрлері	 Дене шынықтыру және спорт

10 сурет – Тегін қызмет көрсетулер

бола алады. Жас отбасыда пайда болатын әлеуметтік мәселелерді шешу әлеуметтік жұмысты ұйымдастырусыз және жастарға арналған әлеуметтік қызметтердің жұмысын кеңейтусіз іске асырылмайды.

Әлеуметтік қызмет: психологиялық-педагогикалық, заңгерлік көмек көрсетеді, кәметке толмаған және жас азаматтарға кеңес береді, жас отбасылар мен студент жастарға әлеуметтік көмек көрсетеді, еңбек және білім беру ұжымдарында жастардың құқығын қорғайды, жастардың заңға қарсы әрекеттерін алдын алады; бостандықтан айырылу орындары мен арнайы тәрбиелеу мекемелерінен оралған жас азаматтардың әлеуметтік қалыпқа келуін қамтамасыз етеді, жастардың кәсіпкерлік қызметін қолдап, дамытады, жастардың өзін өзі басқаруын дамытуға үлес қосады, жастардың демалысын ұйымдастырады.

Әлеуметтік қызметтің қатарына келесілер кіре алады:



Жас отбасы – халықтың неғұрлым қорғалмаған топтардың бірі.

Бірлескен өмір сүрудің алғашқы бес жылы – отбасы келешегінің негізі болып табылады. Белгілі бір кезеңде некелік қатынасқа түскен адамдардың тағдыры шешілуіне ықпалын тигізетін отбасының негізгі белгілері анықтала бастайды. Бұзылып жатқан некелердің орташа өтілі – бес жыл. Бұл кезеңде жұбайлар әсіресе көмекке мұқтаж болады. Бұл уақытта жұбайлардың үйлесімділігі, яғни отбасының психологиялық негізі, оның материалдық базасы, экономикалық негізі және тәрбиелік ұстанымдары пайда болады. Бұл жылдары отбасылық өмірдің барлық бірінші деңгейдегі қырлары үшін психологиялық, сексуалды, материалды және тәрбиелілік негіздер қалыптасады. Олардың бірлескен өмірлерінде жеке өмір еркіндігі аз болса, өз өміріңді басқа адаммен үйлестіру, ішкі дүниенің жұбайымен сәйкестендіру міндеттері көбейе бастайды. Олардың бойында ортақ мүдделер, қызығушылықтар, көзқарастар, әдеттер пайда болып, әрекет етудің ұқсас жүйесі, достық қатынастар өсе келе, үйлесімділік қалыптасады. Көптеген мамандардың айтуынша, ажырасулардың жоғары емес деңгейіне қарамастан, некенің бірінші жылы тұрақты болып табылмайды деп есептеуге болады. Жастардың некеге тұрған кездегі отбасылық өмір туралы түсініктері мен үміттері әр түрлі болады.

Психологиялық мәселелер. Оларға ортақ эмоционалдық қатынастар, психологиялық үйлесімділік, жұбайлардың өзгертілген өмір салтына үйренуін жатқызуға болады. Жұбайлар бір бірінің қызығушылықтары мен мінездеріне үйрене бастайды.

Некенің алғашқы айлары жас отбасы үшін бақытқа толы кезең болып көрінеді. Уақыт өте келе материалды және психологиялық мәселелерді шешу, қатынастардың рөлдік құрылымын, үй міндеттерін бөлісу барысында алғашқы конфликтілер пайда бола бастайды.

Жас отбасылар некелік өмірлерінде бірінші орынға өзара түсінісуді, мейірімділікті, екінші орынға эмоционалдық қатынастарды, үшінші орынға материалды игілікті, тек төртінші орынға балаларды қояды.

Некені ерте құрған шақта отбасының ортақ құндылықтық жүйесі қалыптасады. Ондағы бірлесіп өткізген демалыстың маңызы зор. Жас отбасы бірге қонаққа барып, демалысын өткізіп, теледидар көріп, кітап оқуды жөн көреді. Көптеген отбасылар үшін спорт, туризм

ақырғы орында тұрады, оны өз кезегінде объективті себептермен (ақылы қызмет көрсетулер) түсіндіруге болады. Жас отбасылар әдетте қаладан тыс саябақтарда еңбек етуді таңдай бермейді.

Жоғарыда аталып өткендей, ерте шақтағы некелер материалды қиыншылықтармен, баспаналық мәселелермен, ата-анаға деген жоғары тәуелділікпен сипатталады. Бірақ, бұл мәселелер де соншалықты маңызды емес, қалаған жағдайда қосымша табыс көзін де табуға болады. Мәселе жас жұбайлардың тұлға ретінде дамып, жыл сайын өзгеріп, соның есебінен құндылықтары мен қажеттіліктері әр түрлі адамдар үйленді деген қорытындыға негізделеді.

Отбасыдағы еркек пен әйелдің әрекетіне қатысты кез-келген орынды көзқарасты білдіре беруге болатыны айдан анық.

Бірлесіп өмір сүру жағдайында жас жұбайлар ортақ мүдделер, қажеттіліктер мен ұстанымдарға әрдайым бейімделуге мәжбүр болып келеді. Әлеуметтік-психологиялық бейімделу жүйесінде некелік-отбасылық бейімделуді адамның некеде және отбасыда өмір сүре білу қабілеті деп қарастыруға болады. Некелік бейімделу–бұл жұбайлардың өзара қалыпты қызығушылықтар мен сезімдерге негізделген үйлесуінің үздіксіз үрдісі. Бірақ, сүйіспеншілік пен махаббат сезімдері некелік бейімделудің сәтті аяқталатынын білдірмейді. Жас отбасының табысты бейімделуі үшін бір біріне тәуелді болмаған екі жақтың қажеттіліктері мен қызығушылықтары өзара келісуі керек. Неке тараптары алдында қалыптасқан қандай да бір өмірлік жағдайды өзара келісіп шешудің тетігі жасап шығарылады. Отбасылық келісімнің дәрежесі көп жағдайда бір жұбайдың екіншісінің көңіл күйін сезінуге тырысу немесе қандай да бір жағдайды түсінуге тырысуына негізделеді. Жұбайлардың әрбіреуі қарым қатынастың ерекше, жеке стилін жасап шығарады. Дәл осы жолмен жұбайларда бір біріне қатысты тұрақты бағдарлар, яғни әрекет етудің белгілі бір типтері қалыптаса бастайды. Жас некенің өміршеңдігі некелік бейімделу үрдістерімен анықталады. Бұл үрдістер бірлескен өмірдің алғашқы екі жылында әсіресе қарқынды жүреді. Жас отбасылармен жұмыс істейтін психологтардың ойынша, некелік бейімделудің келесі түрлерін бөліп көрсетуге болады:

- некенің негізгі құндылықтарына бейімделу;
- Жұбайының қызығушылықтарына, әдеттері мен өмір сүру салтына, оның темпераменті мен

мінезіне бейімделу;

- Жас жұбайлардың кәсіби қызметіне.
- Физиологиялық (оның ішінде сексуалды).

Некелік-отбасылық қатынастарға түскен жастарға берік неке құру үшін барлық жағдайлар жасалады: бір біріне деген берік сезімдер, оңды материалды және баспаналық жағдай. Бірақ, көп жағдайда отбасыдағы мәселелер жұбайлардың бір біріне үйренісе алмауынан болады. Нәтижесінде олардың некелік өмірі шыдауға төзгісіз бола бастайды. Сол себептен жас отбасыдағы жақсы қатынастардың кепілі некелік бейімделу болып табылады.

Жас отбасыны тұрақтандыру (жас отбасылардың көбісі халықтың аз қамтылған топтарының қатарына кіреді) үшін әлеуметтік, экономикалық, құқықтық қорғаудың кешенді шаралары жасалынып, оларға басқа отбасылар сияқты дамуына тең мүмкіндіктер жасау керек. Жас отбасыны құрылымы бойынша шартты түрде екіге бөлуге болады: жайлы отбасы және әлеуметтік қатерге иеленетін отбасы. Ақырғысына жалғыз басты аналардың отбасын, студенттік, кәметке толмаған аналар мен әкелердің, жұмыссыздардың отбасын жатқызуға болады. Біздің елімізде ақырғы онжылдықта ажырасқан адамдар саны ұлғая түсті. Жыл сайын бұзылатын некелердің арасында жас отбасылардың ажырасу үлесі үлкен көрсеткішті құрайды. Дегенмен, жас отбасы ажырасуға душар деген ой туындамауы керек. Кейбір отбасылардың сәтсіздігін тіркелу кезінде ақ көруге болады. Бүгінгі таңда отбасы құру үшін емес, ал басқа мақсаттарда құрылатын «жалған некелер» көбейіп кетті. Әлеуметтанушылар «жеңіл ойлы» атағына иеленген некелердің ерекше санатын бөліп көрсетеді. Отбасылық-некелік қатынастардың бұл санатын қандай да бір өмірлік жағдайлар құрайды: отбасылық жұп неке құрғанға дейін бір бірін дұрыс біліспеген, қандай қаржыға өмір сүру керектігін ойластырмаған адамдар құрайды. Жастар неке құруға ғана емес, сонымен қатар ажырасуға да көз жұма қарайды. Әлеуметтанушылардың мәліметтері бойынша, ажырасқан жұптардың үштен біреуінде жұбайлар арасында эмоционалдық байланыстар толығымен бұзылған. Ал олар бірлескен өмірдің бастапқы кезеңінің қиындықтарын шешіп, жұбайлық қатынастардың дамуындағы дағдарыстық жағдайларды еңсере білген жағдайда жас некелердің негізгі бөлігі сақталынып қалар еді [16].

Бақытты некелік өмір отбасы конфликтерінің

болмауымен сипатталмайды. Жас отбасыдағы конфликттің бірден бір қайнар көзі ұрпақтар сабақтастығының жойылуы болып табылады. Біздің елімізде бұл құбылыстың өзіндік ерекшеліктері бар. Мәселен, жас отбасылардың экономикалық тәуелділіктері жағдайында жастардың ата-анасымен рухани байланыс орнатуы әлсірей бастайды. Қазіргі таңда некелік қатынасқа ерте түсу отбасының экономикалық жетілу кезеңінің ұлғаюы аясында жүріп, ата-анаға деген материалды тәуелділікті жоғарылата бастайды. Қазіргі жас отбасының отбасылық бюджеті жалақыдан немесе мемлекеттік балаға беретін жәрдемақысынан, жұбайлардың қосымша табысынан құралады. Алайда, жас отбасы бюджетінің негізгі үлесін ата-ананың көмегі құрайды [17].

Әр адамның денсаулығы күллі халық денсаулығының құрамдас бөлігі ретінде оның өмірінің толыққандылығын ғана емес, сонымен қатар оның мүмкіндіктерінің әлеуетін анықтаушы факторға айналады. Халық денсаулығының жағдайы өз кезегінде елдің әлеуметтік-экономикалық, мәдени және индустриалды дамуының шамасын анықтайды. Халық әл-ауқатының тұрақты өсуі ұстанымы бойынша медициналық көмектің қолжетімділігін, сапасы мен сабақтастығын қамтамасыз етуге арналған ортақ дамыған, әлеуметтік бағдарланған жүйені білдіретін денсаулық сақтау саласы республикадағы негізгі басымдықтардың бірі болып табылады.

Медициналық мәселелер. Жас отбасылардың неке құруға дайынсыздығы, жыныстық тәрбиенің шикілігі, жыныстық қатынастар мәдениетінің қалыптаспауымен, жастардың репродуктивті әрекетке көз жұма қарауымен сипатталады.

Репродуктивті жастағы отбасының денсаулығын сақтау маңызды рөл атқарады, өйткені, оның деңгейі бала туу функциясының тиімділігін анықтайды. Жайсыз отбасылық-психологиялық климат пен үздіксіз аурулардың пайда болу қатері арасында байланыс анықталған.

Қазіргі таңда Қазақстанда жас отбасыларға кеңес беретін және әлеуметтік-психологиялық көмек көрсететін қоғамдық бірлестіктер қызмет етеді:

Отбасыны қолдау қызметі

Отбасыны қолдау қызметінің мақсаты ата-аналарға, олардың балаларына қоғамдағы бейімделудің қиыншылықтарын еңсеруге, өтпелі жастық шақты эмоционалды күйзелусіз кешіруге, отбасыдағы қарым

қатынастар мәселелерін шешуге көмектеседі. Балалар мен олардың ата-анасы заңгердің, психологтың және басқа да мамандардың квалификациялық көмегін ала алады. Қызмет сенбі және жексенбі күндерін есептемегенде күнде сағат 09:00-18:00 аралығында жұмыс істейді. Ата-аналар мен балаларды кәметке толмаған балалардың бейімделу орталығының мамандары қабылдайды.

КБО қызметінің көмекке қайталап жүгінуді алдын алудағы тиімділігін жоғарылату мақсатында барлық КБО-да Отбасыларды қолдаудың 18 қызметі жұмыс істеп келеді.

Отбасыны қолдау қызметінің жұмысына жүргізілген мониторинг олардың 2014 жылы кәметке толмаған 406 балаға көмек көрсеткендері, құжаттарды рәсімдеуде 188 ата-анаға және 406 кәметке толмаған 406 балаға, 1 ата ана мен 3 баланы жұмыспен қамту бойынша, 1 ата ана мен кәметке толмаған 110 балаға арнайы білім беру мекемелеріне тұруға көмек көрсетіліп, 1763 ата-ана мен 1737 балаға кеңес берілді. 315 отбасыға, 137 оқу орнына, ата-ананың қамқорынсыз қалған жетімдердің 84 мекемесіне барып қызмет көрсетілді.

Ақтөбе облысының Отбасыны қолдау қызметінің негізгі бағыттарының бірі Орталықтағы немесе қамқорлыққа алынған отбасыларда тәрбиеленушілердің отбасын қолдап отыру болып табылады.

Кәметке толмаған Настя және Миша Друщенконың анасы Наталья Михайловна ата-аналық құқығынан айырылды. Балалар бейімделу орталығында болған кезінде ОҚҚ қызметкерлері қиын-қыстау жағдайында қалған, балалардан айырылу сезімін түйсігінен өткізген анаға көмек көрсету бойынша жұмыс жүргізді. Тұрақты жұмысы болмай, ішімдікті асыра пайдаланудың негізінде наркологиялық диспансердің тіркеуінде тұра отырып, ол Орталық әкімшілігі дер кезінде көмек көрсетпесе, өзінің ата-аналық құқығын қайтара алмас еді. Бұл әйелді жұмысқа кіргізіп, ішімдікті тастауға көмектесіп, қажетті құжаттарды рәсімдеуге көмектесті. Барлық қиындықтар мен сынақтарды еңсере отырып, Наталья Михайловна балаларын өзіне қайтарып алды. Оның бұл қуанышын КБО қызметкерлері бөліскен болатын.

Кәметке толмаған апалы-сіңлі Индира, Әлия және Айжан Нұрпейсовалар ата-ананың қамқорынсыз қалып, Мартук ауданың Полтавка селосында тұратын ағалары Нұрпейісов Д.М. мырзаның қамқорына берілді. Балалардың өмірі мен білім алуы туралы ақпаратты алу

үшін ОҚК қызметкерлері мектептің әлеуметтік және психологиялық-педагогикалық қызметтерімен байланыс орнатты. 2013 жылдың 31 қазанында, бұл балаларды сонымен қатар осы ауданның Покровка селосында тұратын КБО-ның бұрыңғы тәрбиеленушілері, кәмелетке толмаған Литовченко Владислав пен Николайды патронаттықпен қамтамасыз ету мақсатында, ОҚК қызметкерлері ауданға іссапармен барып келді. Балалармен, олардың ата-аналарымен, мектеп басшылығы және педагогтармен кездесу өткізіліп, соның барысында келесі жұмыстар жүргізілді:

- жобалық әдістер мен тесттерді пайдалана отырып, балалардың психикалық-эмоционалды қалпын, тұлғааралық қатынастары мен ата-аналарымен өзара байланысын тексеру;

- балалардың тұрмыстық-баспаналық жағдайларын тексеру;

- мектеп педагогтарының балалар және олардың отбасымен әлеуметтік-психологиялық жұмыс жүргізудің материалдарымен танысу;

- педагогтарға «тәуекел тобына» кіретін балалармен жұмыс істеу бойынша кеңес берілді, ата-аналарға балалардың жастық ерекшеліктерін ескере отырып тәрбиелеу жұмысы бойынша кеңес берілді.

Жұмыстың мұндай түрі қолдау көрсетіліп отырған отбасыларды бақылап, дер кезінде көмек беруді қамтамасыз етіп қана қоймай, «тәуекел тобындағы» балалармен жұмыс жасауды ұйымдастыруда педагогтар мен ата-аналарға әдістемелік және кеңес берушілік көмекті іске асыруға мүмкіндік береді.

- Отбасылық бизнес қауымдастығы
- Отбасылық денсаулық институты
- «Отбасым» ұлттық құндылықтарының орталығы

- Ұлағатты жанұя
- «Шипагер» отбасылық денсаулық сақтау орталығы

- Отбасылық дәрігерлер қауымдастығы
- «Демеу» отбасылық медицинаның оқыту-тәжірибелік орталығы

- СӨС қалыптастырушы орталық
- ЖасОтан«Кеңес орталығы» кеңес беру орталығы

- Дағдарыс орталықтарының одағы
- «Жанұя» отбасының мектебі
- Жас Отау (Сәтпаев қаласы) және т.б.

1995 жылы Елбасы еліміздің күрделі өтпелі кезеңіне қарамастан, отбасы институтын қолдау, балалар мен әйелдердің жағдайын жақсарту үшін Қазақстан Республикасы

Президентінің жанындағы Отбасы, әйелдер және демографиялық саясат бойынша Кеңес құрған болатын. 1998 жылы ол Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Отбасы және әйелдер ісі бойынша Ұлттық комиссияға өзгертіліп, оған кең құқықтар мен құзыреттіліктер берілді.

Ұлттық комиссия балалар, әйелдер мен отбасылардың жағдайын жақсарту бойынша, сонымен қатар отбасы мүдделерін қорғау, әйелдердің еліміздің саяси, әлеуметтік, экономикалық және мәдени өміріне қатысуы үшін қажетті жағдайлар жасау мақсатында тиімді шараларды жасап шығарудың кеңес беруш органы ретінде қалыптасты. Бүгінгі күні отбасы және әйелдер ісімен айналысатын іргелі институционалды механизм ТМД елдерінің біреуінде де жоқ, және де бұл фактор әлемдік қауымдастықтың тарапынан жоғары бағаланған болатын.

Қазақстандағы дағдарыс орталықтары

Әрбір отбасы, оның ішіндегі жас отбасы бірнеше кезеңдерді басынан кешіреді. Олардың әрқайсысы қатынастардағдарысымен жолдамаланады. Жанжалдық жағдайлар түрлі себептердің негізінде пайда болып, екеуінде де эмоционалды-психологиялық күйзеліс тудыруы мүмкін. Отбасындағы жанжалдарды шешу түрлі әдістермен іске асырылады, олар өз кезегінде ымыраға келу арқылы қатынастарды орнына келтірсе, екіншілері керісінше, өзара жек көрушілік пен зорлық-зомбылыққа әкеліп соқтырады. Үйдегі зорлық-зомбылық – көпқырлы әлеуметтік құбылыс, ол өз кезегінде физиологиялық, эмоционалды-психологиялық, сексуалды, экономикалық мәжбүрлеу, тәуелділікте ұстау және басып жаныштау формасында кездесуі мүмкін. Бұл әдетте – басқа адамның үстінен билік жүргізіп, оны сақтап қалу мақсатындағы отбасы мүшесінің әрекет ету жүйесі. Отбасыдағы зорлық-зомбылық оның кез-келген мүшесіне қарсы қолданылуы мүмкін. Өмірдегі жайттар отбасы зорлығына душар жандардың 95 пайызы әйелдер екенін дәлелдеді.

Қазіргі таңда әлемде тарихи тұрғыдан қалыптасқан ер адамдардың әйелдерге үстемшілдік етуі өзгерістерге ұшырауда. Елбасының тікелей қолдауымен мемлекет әйелдер мен ер адамдардың құқығын қорғау, бақылау және орнына келтіру бойынша институттарды қалыптастырып, дамытып жатыр. Егер 1994 жылдың ортасына қарай Қазақстанда небәрі алты әйелдер үкіметтік

емес ұйымдары тіркелген болса, онда 1997 жылы олардың саны 30-ға, ал 2003 жылдың басына шамамен 200 құрады. Бүгінгі таңда әйелдердің ұйымдары бірлестік формасында үш топ күйінде көрсетіледі: - үкіметтік емес, мемлекеттік және халықаралық. Қазақстанда қызмет ететін үкіметтік емес ұйымдар түрлі мақсаттарды көздеп, түрлі аудиториялармен, соның ішінде кеңес беретін және әйелдердің құқығын қорғайтын дағдарысты орталықтармен жұмыс істейді.

Қазақстан Республикасының «Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу» заңынан қабылдау сәтінен бастап біршама уақыт өтті, және де соның өзі оның шынайы қоғамдық қатынастарда пайдаланылу тиімділігін талдауға мүмкіндік береді. Алайда, құрбан болған әйелдердің тек 10 пайызы ғана бұл жайтты полицияға хабарлайды. Бұның себебі ретінде шығыс әйелі менталитетінің ерекшеліктері, заңды білмеушілік, құқық сақтау органдарына сенімсіздік білдіруді, сонымен қатар басқа да жеке, әлеуметтік факторларды қарастыруға болады. Зорлық-зомбылықтың шамамен әрбір екінші жағдайында әйелдің денесіне зақым тигізіліп, көп жағдайда ұрған адам жазаланбайды. Егер біз қалыптасқан жағдайды шетелдің мемлекеттерімен, мысалы, Австриямен салыстыратын болсақ, онда бұл елде үйдегі зорлық-зомбылық қылмыстық істердің қатарына кіріп, қатаң жазаға тартылады: үлкен мөлшердегі айыппұлдар ретінде, жұбайы мен балаларына бөлек үй алып беру, немесе құқық бұзушылықпен айналысатын адамды үйден қуып шығу.

Әйел адамның отбасында, жұмысында қиындықтар пайда болған жағдайда қайда жүгінуге болады. Осындай жағдайларда әйел адамды қолдау үшін Қазақстанның көптеген қалаларында арнайы дағдарыс орталықтары қызмет етеді. Мұндай мекемелердің тізімі:

Тұрмыстық зорлық-зомбылыққа душар әйелдер **«Құрбылар» дағдарыс** орталығына мына сенім телефон номерімен хабарласа алады: 7 (727) 298 45 85. Орталықтың мекенжайы: Алматы қ., мкр. 10, 1 үй, кв.1, телефон: +7 (7272) 281296, 984677, e-mail: **podrugi@alnet.kz**. **Жетекшінің аты-жөні:** Гладырь Надежда Степановна

Тіркелу мерзімі: 1998 ж.

Қызмет саласы мен ұйымдастырушылық-құқықтық түрі: әйелдер ұйымы, телефонмен сенім білдіру желісі, әйелдерді психологиялық тұрғыдан қайта қалыпқа келтіру, әлеуметтік көмек.

Тұрмыстық зорлық-зомбылықты басынан кешірген әйелдер мен балаларға құқықтық, әлеуметтік, психологиялық, педагогикалық көмек көрсетуші қоғамдық ұйымдар қызмет етіп келеді.

Қазақстандық заңгерлік форум.

«Ана үйі» қоғамдық қоры. Онда тағдыр тәлкегіне ұшыраған аналар мен олардың балаларына көмектеседі. Ана үйі 2013 жылы ашылды. 2013 жылдың қазан айында тағы да дағдарыс орталықтары ашылды, Қостанай, Петропавл, Алматы, Астанада екінші үй. Мақсаты жас аналардың сәбилерінен бас тартуына жол бермеу. Тірі жетімдер санын азайту. Тәулік бойғы сенім телефоны 8-800-080-77-71. 1422.

Жалпы жоба қолға алынғалы қазақстандық 568 қыз-келіншек және олардың балалары осындай үйлерде пана тапқан. 250-ден астамы өз отбасыларына қайта оралыпты.

2013 жылы 54 жалғыз басты ана психологиялық және әлеуметтік көмек алды. 54 сәби әлемдегі ең жақын адамымен бірге қалуға мүмкіндік алды.

2014 жылы 529 бала балалар үйіне түсуден құтқарылды.

2015 жылы 581 балалы әйелге көмек көрсетілді.

Жоба аясында кімдер көмек ала алады?

Бала күтіп жүрген немесе 18 айға дейінгі балалы кәмелетке толмаған әйелдер (қамқоршысының келісімі негізінде). Ұйын жағдайда қалған және баладан бас тартуға бекінген 34 жасқа дейінгі аяғы ауыр немесе 18 айға дейінгі балалы әйелдер.

Дағдарыс орталығында болу уақыты:

- 12 ай (1 год), баланың жасы 18 айға жеткенше – стандартты болу уақыты. Білім беру орталығының қамқоршылары, кәмелетке толмаған аналар үшін – кәмелет жасқа толғанға дейін (18 жасқа дейін).

Мекендеген кездегі әлеуметтік көмек:

- Психологиялық көмек.
- Медициналық көмек- медициналық мекемелерде ем қабылдау үшін жәрдемдесу, порталға, квотаға және т.б. тіркеуге тұру.
- Білім алуға көмек (міндетті 2 дағды: компьютерлік сауаттылық пен тігін ісі), міндетті түрде сертификат беріледі.
- Жұмысқа орналасуға көмектесу, тәжірибеден өту.
- Құжаттарды қалпына келтіруге көмектесу.
- Жәрдемақы рәсімдеуге көмек.

Астана қаласы әкімдігі жанындағы тұрмыстық зорлық-зомбылық бойынша дағдарыс

орталықтары. Астана қаласы, Бұланты1.

«Көмек» дағдарыс орталығы. Абай 92. Дәрігер, психологтың қызметтері, тегін оқыту курстары жүргізіледі.

«Қазақстанның дағдарыс орталықтарының одағы». Ұйымдастырушылық-құқықтық формасы - Заңды тұлғалардың бірлестігі. Ол өзінің қызметін 2000 жылдың 15 қарашасынан бастап жүргізіп келеді.

Миссиясы: Аналар мен балалардың зорлық-зомбылықтан қорғалуы бойынша қозғалыс ашуға және қоғамда зорлықсыз қатынастарға негізделген мәдениетті қалыптастыруға үлесін қосу.

Қызметтің мақсаты:

- Зорлық мәселесіне қатысты халықтың көзқарасын өзгерту;
- Зорлық-зомбылықтан қорғау тетігін қалыптастыру бойынша заң шығарушы билікпен өзара байланыс орнату;
- Кеңес мүшелерінің мүдделерін билік органдарында білдіру;
- Ұйымдар желісін кеңейту;
- Бір ақпараттық орынды құру;
- Кеңес беру қызметін көрсету;
- Жергілікті құрылымдармен байланыс пен әріптестік қатынастарды орнату;

Міндеттері:

- Зорлық-зомбылық туралы ескерту
- Халық санасындағы зорлық-зомбылық түсінігін ақпараттық және оқытушылық әдісті қолдана отырып популяциямен, муниципалды құрылымдармен жұмыс жүргізу арқылы өзгерту.
- Қорғау тетігін қалыптастыру бойынша заң шығарушы органмен өзара байланыс орнату.
- Зорлық-зомбылық мәселесі бойынша білім беру бағдарламаларын жасап шығару және енгізу.
- Зорлық-зомбылықтың алдын-алу тақырыбы бойынша кітаптап, оқу құралдары мен буклеттерді басып шығару.
- Ақпараттық кампанияларды ұйымдастыру және өткізу, БАҚ-мен жұмыс істеу.

2. Зорлық-зомбылықтан жапа шеккен жандардың құқықтары мен мүдделерін қорғау. Жапа шеккендердің қорғалу тетігін келесі әдістермен іске асыру:

- Парламенттегі заңдарды лоббилау.
- Зорлық-зомбылық мәселесі бойынша әйел адамдардың құқықтарына мониторинг жүргізу.
- Зорлық-зомбылық тақырыбы бойынша

зерттеу жұмысын жүргізу.

- Жергілікті құрылымдармен байланыс пен әріптестік қатынастарды орнату.

3. Зорлық-зомбылықтан жапа шеккендерге көмек көрсету. ҚР ДО желісін дамыту арқылы зорлық-зомбылықтан жапа шеккендерге квалификациялық көмек көрсету.

- Бір ақпараттық орнын қалыптастыру және ҚР дағдарыс орталықтарының қызметкерлерін оқыту.
- Кеңес мүшелерінің мүдделерін билік органдарында білдіру;
- Кеңес беру қызметін көрсету.
- «ҚДОК» ЗТБ-нің құрылтайшылары:
- «Құрбылар» Дағдарыс орталығының қоғамдық қоры, Алматы қаласы, директор Гладырь Н.
- «Сенім» Дағдарыс орталығының қоғамдық қоры, Ақтау қаласы, директор Алферова Я.
- Әйелдерді қолдау орталығының қоғамдық ұйымы «Незабудка», Риддер қаласы, жетекшісі Платонова А.
- «Әйелдерді қолдау орталығы» қоғамдық бірлестігі, Петропавл қаласы, жетекшісі Орлова А.
- «Талдықорғандық аймақтық әйелдерді қолдау орталығы» қоғамдық бірлестігі, Талдықорған қаласы, жетекшісі Байсакова З. ҰЕҰ іс жүзіндегі/пошталық мекен-жайы: Қазақстан Индекс 050040 Алматы қ., 9 үй, 2 пәтер.

«Мысалға, бүгінгі күні «Подруги» дағдарыстық орталығында 14118 психологиялық және 9295 заңгерлік кеңес берілді. Бұл бірлестік сонымен қатар тұрмыстық зорлық-зомбылықтан жапа шеккен 233 әйелдің мүдделерін сот үрдістерінде қорғап, олардың 229-і сотпен қанағаттандырылды. Орталықтың баспанасында 323 әйел мен 429 бала оңалтудан өтті».

Қазақстанда әйелдерге арналған 28 дағдарыс орталықтары мен ерлерге арналған 4 дағдарыс орталықтары қызмет етіп келеді. 2009 жылы ҚР «Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу» заңы іске қосылғаннан кейін, ал «2006-2016 жылдарға бағдарланған Қазақстандағы гендерлік теңдіктің стратегиялары» бойынша аталмыш дағдарыс орталықтардан бөлек тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын-алу және ескерту бойынша әйелдер үшін түрлі бағдарламалар іске қосылған.

Мұндай ұйымдардың бірі БҰҰ қарамағындағы әйелдер ісімен айналысатын ұйым болып табылады. бұл ұйым гендерлік теңдік сұрақтарымен және әйелдердің құқықтары

Ұйымның құрамына 18 ҮЕҰ кіреді:	
1.	«Құрбылар» Дағдарыс орталығының қоғамдық қоры, Алматы қаласы
2.	«Надежда» Дағдарысты орталығының қоғамдық қоры, Ақтау қаласы
3.	Әйелдерді қолдау орталығының қоғамдық ұйымы «Незабудка», Риддер қаласы
4.	«Әйелдерді қолдау орталығы» қоғамдық бірлестігі, Петропавл қаласы
5.	«Талдықорғандық аймақтық әйелдерді қолдау орталығы» қоғамдық бірлестігі, Талдықорған қаласы
6.	«Үміт» дағдарыстың орталығы, Ақтөбе қ.
7.	Жалғыз басты аналардың қоғамдық бірлескен қауымдастығы, Текелі қ.
8.	«Болашақ» қоғамдық бірлестігі, Тараз қ.;
9.	«Диалог» әйелдер бастамаларын қолдау орталығы, Жезқазған қ.;
10.	Оңтүстік Қазақстан облысының іскер әйелдерінің қауымдастығы, Шымкент қ.; Әйелдер ресурстық орталығы
11.	«Жан» дағдарыстық орталығы, Қызылорда қ.
12.	«ГИАЦ» дағдарыстық орталығы, Қарағанды қ.
13.	«Сенім» дағдарыс орталығы, Орал қ.
14.	«ЖАРИА» қоғамдық бірлестігі, Астана қ.
15.	«Сана - сезім» қоғамдық бірлестігі, Шымкент қ.
16.	«Витаполь» қоғамдық бірлестігі, Тайынша қ. Солтүстік Қазақстан облысы
17.	«Феникс» қоғамдық ұйымы, Өскемен қ.
18.	Алматыдағы «Забота» дағдарыстық орталығы

мен мүмкіндіктерін кеңейтумен айналысады. Қоғамдағы әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықтың алдын-алу үшін ҚР-ның Ішкі істер департаменттерінде 1999 жылдан бастап әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау бойынша бөлімшелер құрылған. Олардың негізгі міндеттері әйелдердің конституциялық құқықтарын, еркіндіктері мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету болып табылады. Қазақстанда әйелдерге арналған қолдау орталықтары қызмет істейтіні туралы ақпаратты тарату бойынша түрлі акциялар жүргізіледі.

Әлемдегі әрбір үшінші әйел әдетте өзінің жұбайы тарапынан физиологиялық немесе сексуалды зорлық-зомбылықтан жапа шегеді.

Жылдың басынан бастап көмек сұрап келгендердің саны 857, оның ішінде әйелдердің саны – 857, өткен жылы шағымдардың саны 1154 жетті, ондағы әйелдердің саны 1008. Телефон соғудың негізгі себептері психологиялық зорлық, екінші орынға физиологиялық, үшінші орынға экономикалық, кейінгі орынға сексуалды зорлық-зомбылық орналасқан. Былтырғы жылмен салыстырғанда биыл балаларға қатысты орын алған зорлық

зомбылық 4 пайызды құрады.

Зорлық-зомбылықтан жапа шеккендердің жастық санаты: 16 жастан жоғары және 16 толмаған азаматтардың 1 пайызы.

Түрлі әлеуметтік санаттағы және ұлттық белгілері әртүрлі азаматтардың зорлық-зомбылықтан жапа шегетіндерін атап өту керек. Көмекке жүгінгендердің ішінде жоғары білімі мен тұрақты жұмысы, сонымен қатар орташа арнайы білімі барлар, зейнеткерлер де кездеседі.

Тәжірибенің көрсетуінше, болған жайт туралы айтуға батылдық танытқан әйелдер де болады, бірақ олар көп емес. Оның себебі мәселенің көпқырлы және салдары болу тиістігіне негізделеді. Өзінің құрбысына күйеуі қол жұмсайтыны туралы айтқысы келетін әйел адам бірде ұялса, бірде қорықса, бірде басқалар біліп қояды деп қорқады.

Тағы да бір фактор: әйел адам неге бұл адаммен өмір сүріп жатыр деп сұрайтын қоғам. Қоғам зорлық-зомбылықты атқарушы адамнан сұрамайды. Қоғамның мұндай ұстанымының негізінде әйел адам әлі ұзақ уақыт бойы үндемей келеді.

Біздің қоғамның осы мәселеге қатысты пікірін

өзгерту үшін бәріміз жұмылуымыз керек. Мемлекет үйдегі жайтты қоғамға жариялаудан қорқатын әйелдерге көмек көрсететін ұйымдар мен құқық қорғау органдарына жүгінуге ынталандыратын «Тұрмыстық зорлық-зомбылық» заңы сияқты тетікті ұсынып отыр. Бұл шеңберді бұзу үшін әйелдер бұл заңда қорғалу тетігі бар екенін білу керек. Сол себептен біздің міндеттеріміздің бірі – әйелдердің осындай заңның бар екенін біліп, естен шығармауы болып табылады.

Әйелдерге психологиялық және заңгерлік көмек көрсету бойынша үлкен қызмет атқарылып келеді.

Ең қарапайым, кең таралған және қатыгез қылмыстар қарапайым отбасыларда орын алып жатады. Қазақстан халқының сауалнамаға берген жауаптары бойынша тұрмыстық зорлық-зомбылықтың құрбаны әдетте өзінің мүшкіл жағдайына мойынсұнған және қылмысты жазасыз қалдыратын әйелдер болып табылатыны анықталды. Бір жыл ішінде алматылық «Құрбылар» дағдарыс орталығына екі мың әйел жүгінген, кеңседе сенім телефонына дамыл жоқ. Бұл жағдайда орталық қызметкерлерінің еститін бірінші сөздері: «Көмектесіңіздер, ол мені соққыға жығып жатыр».

«Құрбылар»дағдарыстық орталығы жақын адамдардың бастауымен 1998 жылы құрылды.

Бірітіндеп бұл орталыққа басқа да әйелдер келе бастады, бұл жылдардың ішінде үлкен тәжірибе жинақталды. Біреулерге қиын отбасылық жағдайдан шығуға көмектесіп, қалыпты өмірлерін орнына келтіріп берді.

«Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын-алу» заңы шықпай тұрып, әйелдерді тек психологиялық тұрғыдан қолдау мүмкін болды, бірақ, 2010 жылдың 1 қаңтарынан бастап заңды қабылдағаннан кейін әйелдердің құқығын заң тұрғысынан қорғау мүмкін бола бастады. Қыздар соттық медициналық сарапшыға денесіндегі зақымдарын көрсетіп, тіркеу керек. Егер бір жыл ішінде соққылар үш реттен артық қайталанса, онда олар арыз жазып, соққы үшін емес, ал зорлық-зомбылық үшін қылмыстық жауапкершілікке тарта алады. Бұл бостандықтан айырылудың ең жоғары мерзімі 7 жылды құрайтын 107 ҚК бабы.

Дағдарыс орталығында әрбір қызметкер жапа шеккендермен диалог жүргізе алады. Әдетте, телефонмен бірінші рет хабараласып тұрған әйелдер өздерінің жағдайларын айтып, бөліскісі келіп тұрады. Өзінің атын атау немесе атамау өзінің еркінде. Сөйлесу барысында қызметкер оған қандай көмек керек екенін

анықтайды. Әңгімеден кейін жаппа шеккен әйел кеңес алуға келуге келісімін берсе, оған арнайы қауіпсіздік жоспары жасалады.

Орталық қызметкерлерінің сөзі бойынша: «Осы жылдары көргеніміз көп болды. Біздің баспанамызда күйеуі соққыға жығып қана қоймай, сонымен қатар ортақ үйлерін өртеп жіберген әйел адам тұрды. Басында ол барлық еркектерден қорқатын. Кейде қызметкерлерге де қауіп қатерге де тап болады. Бір күні біздің кеңсемізге әйелін іздеп келген еркек келіп, өзінің жұбайын қайтарып беруді сұрады. Сәл қорықтық, бірақ ең бастысы оның ашуын тудырмау керек болды. Баспанаға ол басын да сұға алмады».

Осы жылдары бұл орталыққа мыңдаған әйелдер келді: «Күніне сенім телефоны бойынша 3-12 әйел хабарласады. Әдетте мейрамдардан кейін. Мысалы, бір әйелді үнемі күйеуі ұратын, бірақ оны әйелін пышақтағаннан кейін түрмеге отырғызды. Бұның бәрі балаларының көз алдында болды. Әйел өзінің 10 жастағы қызының өмір сүргісі келмейтінін жазған қолхатын тапқанын айтып берді. Біз оның балаларын санаторийге жатқызуға көмектесіп, олармен қазір психологтар жұмыс істеп жатыр».

12 жастағы Тимур әкесі қол жұмсаған соң өзінің анасы және қарындасымен дағдарысты орталықтың баспанасында тұрып жатыр. Өзінің суретінде ол өзінің болашақ отбасын салып: «Мен жақсы әке боламын, және де менің толыққанды отбасым болады. Мен анам мен өз отбасыма күтіммен қараймын» деп айтқан болатын.

14 жастағы Аня өгей әкесінің жыныстық алымсақтығынан анасымен бірге баспананы паналады. Өзінің суретінде ол кішкентай кезінде жиі барып тұратын әжесінің үйін салды.

Бүгінгі күні орталықтың өз баспанасы бар, оның мекен жайын қызметкерлер құпияда сақтап отыр. Баспанадағы бір әйелдің жағдайы: «Екінші бала туылғаннан кейін ол ашушаң бола бастап, кез келген себеп бойынша мені балағаттап, басып жаныштап, қол жұмсай бастады. ол мені ұрғаннан ләззат алды, мен оған жалбарынған сайын ол мені қаттырақ ұра бастайтын. Көбінесе басымнан және бетімнен ұратын. Баратын жерім болмады, полицияға баруға қорықтым, әйтпесе өлтірем деді. Қазір мен осындамын, ата-анама оралуға ұяламын, ал күйеуіме оралуға қорқамын. Балаларым күйемнің әпкесінде, оларды қатты сағынып жатырмын. Орталық қызметкерлеріне алғысым шексіз, оларсыз күнім жоқ еді».

Бұның бәрі жеңіл шапалақтардан басталады,

кейін нағыз соққыларға айналады. Әйел адам өзін дер кезінде қорғамаса, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың салдары қайғылы болуы мүмкін.

Басынан кешірген езгіден кейін өзінен күш тауып, өз-өзіне деген қатынасын өзгертіп, отбасын сақтап қала алған әйелден алған интервью:

«Мен екі баламмен екінші рет тұрмысқа шықтым, күйеуім мені қатты жақсы көретін, бірақ, үш жылдан кейін туысқандарынан ықпалынан ол лезде өзгеріп кетті. Басында шапалақпен ұратын, кейін қол жұмсап, кешірім сұрайтын. Мен оны әдетте кешіретінмін. Бірақ қол жұмсауы тоқтамады. Мен екіқабат болғанымда күйеуімнің ата-анасы мені қабылдауға келісіп, солармен тұратынымды айтты. Мен күйеуімді жақсы көргендіктен келістім. Екі қабат болғанымға қарамастан жер үйдегі барлық жұмысты жасап, ауруханаға бірнеше рет түсік қауімімен түскен болатынымын. Оның әке шешесімен қарым-қатынасым жақсармай, оның жүйкесі қозып жүретін. Бір ретте ол мені қалада жалғыз қалдырып кетіп, мен түнгі сағат онда «Орбита» ауданынан «Атакентке» дейін жаяу барып, құрбымның үйінде қонуға мәжбүр болдым. Таңертең ол маған дағдарыс орталығына баруыма кеңес берді. Бір сағаттан кейін мен орталық психологтарымен сөйлесіп отырдым. Мені тыңдап болған соң олар орталықтың баспанасына көшіп келуге ұсынды. Бірақ, мен қорықтым. Мен көз алдыма суық және лас үлкен бөлмені елестеттім. Бірақ, бәрі керісінше болып шықты. Сол жерде мен босанғанша тұрдым. Ұлым туылған соң мен орталыққа бірнеше рет келуге мәжбүр болдым. Орталық әрдайым мен мәселеме түсіністікпен қарайтын. Мен бала күтімі бойынша демалыста отырған кезімде құр бекер отырмадым, курьер болып жұмыс істеп, еден жуатынымын. Бірітіндеп күйеуіммен қарым қатынасымыз түзелді. Ол менің өз-өзімді сыйлап, бағалап, әрбір жанжалда өзімді қорғай алуымның арқасында іске асты. Қазір күйеуім екеуімізде төрт бала шағамыз бар. Өткен өмірімде болған қиындықтар енді жоқ. Мен бәріне шыдап, күйеуімді жақсы көргендіктен отбасымды сақтап қалдым».

«Құрбылар» дағдарыстық орталығында оңалтудан өтіп жатқан әйелдердің мысалдары:

«Мен осыдан екі жыл бұрын тұрмыстық зорлық-зомбылыққа бейтараптылықпен қарайтынмын. Мен әйелді сүйіктісі ұрса, өзі кінәлі деп ойлайтынмын. Бірақ бір күні қонақтан келе жатқанда күйеуім мені машинадан алып шығып, басымды асфальтқа ұрды. Оның соққыларынан емес,

сатқындығына ішім ашыды. Мен не бәрі 47 килограммын, ал ол мені осындай соққыға жықты. Бірақ, мен әке-шешімнің уайымдары мен дәрігерлердің ескертулеріне қарамастан, сезім үшін кешірдім. Бағалады деп ойлайсың ба? Жоқ, бір жарым жылдан кейін басқа әйелге кетіп қалды. Мүмкін, оны да ұратын шығар, маған ешнәрсе түсіндірмеді».

Олардың қатыгездігіне балалар, отбасының толыққандылығы, адамдардың сөгуінен қорқып шыдап керек емес. Балалардың рухани саулығы туралы ойлаңыз, әйтпесе, сіз дәл сондай қатыгез адамдарды тәрбиелеп шығасыз. Өйткені, балалар өз ата-аналарының әрекеттерін қайталайды».

«..Мен оған басымнан ұрмашы деп жалбарындым, ол тоқтай алмады.....

«...мені қолы тиген жерімнен ұра берді: ішімнен, кеудемнен, арқамнан ұрып, әрдайым «Мен саған басынуды көрсетем, енді менің айтқаныммен жүресің» деп айтатын. Әр соққы сайын ол жабайылана түсті. Мен еденге құладым, оған қарсы тұрар күшім болмады».

«...Баспанаға Наталья келген кезде біз оны қатты аядық. Оның бетіндегі зақымдары көп болды. Қолдарын ол жабық күртесінің астынан көрсетпеді. Оның басынан бастап аяғына дейінгі зақымдарын көрген әйелдер қатты қаймығатын. Қолдарында темекі басқаннан қалған іздер де көрініп тұратын».

«... мен музыканың қатты дыбысын естіп, ваннадан шыға сала, құлағымнан соққы алдым. Одан менің құлағымның жарғағы жарылды. Ол мені үйден қуып, айғалап, киіміңді жина деп ашуланды. Мен заттарымды жинай бастағанымда ол одан сайын ашуланды. Мені ұра бастап, қолына түскен заттарды лақтырып, кейін маған аквариумді төңкере салды. Оның анасы келіп, мені аман алып қалды. Бірақ, ол күтпеген жерден мені жақсы көретінін айтып, тірі күйімде ешқайда жібермейтінін айтып, кейін мені қылқындыра бастады..».

«...Ол менің 2 қабырғамды сындырып, аузымды жыртып, тістерімді бұзды. Аяғымды қолшатырмен тесіп, бүйрегімді ұрып тастады. Теуіп, аяққа жығып, таңға дейін қылқындыратын».

«Күйеуім үйде екі күн бойы болмады, достарымен қыдырып жүрді. Келіп алып, айғайлап, жиһазды сындырып, серванттағы ыдыстарды сындырып, бандит сияқты жүрді. Айғайлай бастап, қол жұмсады. Бар күшімен мені қабырғаға бір ұрды. Мен басыммен ұрылып, көзімнің алды қарауытып, басым айналды..».

Олардың қатыгездігіне балалар, отбасының

толыққандылығы, адамдардың сөгуінен қорқып шыдап керек емес. Балалардың рухани саулығы туралы ойлаңыз, әйтпесе, сіз дәл сондай қатыгез адамдарды тәрбиелеп шығасыз. Өйткені, балалар өз ата-аналарының әрекеттерін қайталайды».

Тұрмыстық зорлық-зомбылық елімізде әлі де өзекті болып келеді. Егер сіз зорлық-зомбылыққа тап болсаңыз, ең бастысы – өзіңіздің соған лайықтымын деп ойламау керек. Жәбір көрген оқырман әйелдердің хаттарында олардың өз күйеулерін ақтап, қол соққаннан кейін көп жағдайда кешіргендерін айтады. Өз қайғыңызбен оқшауланып керек емес, керісінше, туысқандар, достар мен дағдарыс орталықтарының көмегіне жүгіну керек. Бұл қоғамның сырқатына назар аударылып, осындай жағдайлардан өздерін көрген әйелдер құрмет пен махаббатқа лайықты екендерін түсінеді деп үміттенеміз.

Біздің қыздарымыз шығыс әйелдердің менталитетін ұстанады және де олар өте сабырлы. Көбісі күйеулерімен балалары үшін өмір сүреді. Бүгінгі қоғамның әйелдері өздерінің экономикалық тәуелділік жағдайындағыдай қалыпта – қоғамның санасы қоршаған шынайылықтағы өзгерістерді ұғынып үлгермей жатыр. Бүгінгі таңда әйел қоғамның толық құқылы мүшесі. Кейбір кезде әйелдердің өздері бұған дайын емес екендері, және өткен шақтың бұл мұрасы тұрмыстық зорлық-зомбылықтан көрініс табатын сияқты. Бірақ, бұл мәселенің бір қыры, одан бөлек қаншама шешілмеген жайттар бар».

1998 жылдан бастап Алматы қаласының дағдарыс орталықтарынан 20 мың 500 әйел көмек алған болатын.

Қазақстанда жыл сайын тұрмыстық зорлық-зомбылықтан 570-590 әйел мен қыздар көз жұмып жатыр.

Еліміздің конституциясында заңның алдында бәрі тең екені көрсетілген. Әйел де, еркек те өз құқықтарын қорғауда тең құқылы болып келеді. Ал адамның абыройына ешкім қол сұқпауы тиіс, ешбір адам зорлыққа, қатыгездік әрекеттерге, соққыларға душар болмауы тиіс. Бұл конституциялық ереже отбасыдағы адамның қастандықтан қорғалу жағдайларына таралады. Яғни, отбасы мен неке Конституциямен және заңдармен қорғалады. Сондықтан, отбасында ешқандай да зорлық-зомбылық әрекеттер, әсіресе ер адамның әйелді соққыға жығуына жол берілмейді. Қазақстан тәуелсіздік жылдары ішінде тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын

алу мен әйелдер мүдделерін қорғау саласында үлкен нәтижелерге қол жеткізді. Ішкі істер органдарының құрылымында әйелдерді зорлық зомбылықтан қорғау бойынша бөлімшелер ашылды.

Жыл сайын ІІО-на тұрмыстық зорлық зомбылықтан жапа шеккен 30 мыңнан астам әйел шағымданады, барлық шағымдар бойынша тиісті шаралар қолданылады. Әйелдерге қатысты тұрмыстық зорлық зомбылық бүгінгі таңдағы ең өзекті мәселелердің бірі. Зорлық зомбылық түрлі формаларды иеленіп, түрлі шешім жолдарын талап етеді. Әйелдерге қарсы зорлық зомбылық адамға қарсы зорлық-зомбылықтың бір бөлігі болып табылады, ал оның салдары бүкіл қоғамға ықпалын тигізеді. Қоғамның ұяшығы болып табылатын отбасы қызметінде еркек пен әйел, ата-аналар мен балалар қатынастарының мәселесі болмай қоймайды. Тұрмыстық зорлық зомбылық мәселесінде барлық нәрсе тәрбие, адамның белгілі бір жағдайларда дұрыс әрекет ету қабілеттері, сыртқы көріністерге байланысты болып келеді. Факторлардың кешені қатыгездік, ашушаңдық сияқты надан қасиеттерді тудырып, отбасылық тұрмысқа әсер етеді. Қоғамның бұл мәселесін зерттеп, шешіп, оған жол бермеу керек. Соған тиісті көңіл бөлмеудің нәтижесінде біз зорлық зомбылықты қалыпты жағдай деп санайтын ұрпақты тәрбиелеп шығарамыз.

Тұрмыстық зорлық зомбылықтың негізгі себептері отбасылық қатынастардың төмен мәдениеті, әлеуметтік жайсыздықты тудыратын мәселеле, жәбірленген жанның материалды және психологиялық тәуелділігі, сонымен қатар ішімдікті және есірткіні пайдалану, оларға тәуелді болу.

Әрбір психолог әйелге мен балаларға қол жұмсаған еркектің моральды тұрғыдан әлсіз болып табылатынын растайды. Өзінің ішкі күйзелістері мен мәселелерін шеше алмаған еркек әлсіз адам, яғни әйелдің көмегімен шешкісі келеді. Өзінің үстемдігін сезінген сайын, ол өзінің шын мәнісінде мықты және оны ұруға құқысы бар деп есептей бастайды. Қатыгез еркек басқаны өзіне бағындырғысы келеді, ал мәжбүрлеу мен жәбірлеу тұрмыстық зорлық зомбылықтың құрамдас бөлігі болып табылады.

